№2 / мамыр / 2017

САРАСӨЗ

Әдеби-танымдық журнал



Сахнагер

Райымбек СЕЙТМЕТОВ

Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ



САРАСӨЗ

Ақылдастар алқасы:
Серік АҚСҰҢҚАР
Көпен ӘМІРБЕК
Қажыбек БЕКБОСЫН
Нұрперзент ДОМБАЙ
Құлбек ЕРГӨБЕК
Дулат ИСАБЕКОВ
Ержан ИСАТАЕВ
Қуаныш ЖИЕНБАЙ
Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ
Айбек ҚАЛИЕВ
Сүлеймен МӘМЕТ
Әліпбек ӨСЕРБАЕВ
Ұласбек СӘДІБЕКҰЛЫ
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
Асқар ТҰРҒАНБАЕВ
Бекарыс ШОЙБЕКОВ

Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Жазира Исаева**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада
театр тарланы Райымбек СЕЙТМЕТОВ

Мұрат Шаханбаев. ҚАЗАҚ ЕЛІ

РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Ардақты әлеумет!

Міне, жадыраған жазға аяқ басқалы тұрмыз. Осынау бейбіт күндердің бірінде қазақ басылымы көкпарына «Сарасөзді» бәйгеге қостық. Сүйінші санымызды оқырман жылы қабылдады. «Сарасөз – көне Үйсін мемлекетінің Күнби хандығынан тартып, күллі түрік халқының тарихын, кешегісі ғана емес, бүгінін, ертеңін жырлайтын, шежіредей сөйлететін әділ басылым болсын!» деген, ұстаздың аманатын арқалап, кезекті санға кірістік.

«Өнер атаулының атасы – поэзия мен музыка болса, анасы – театр» деп толғанған Ғабит Мүсіреповтің аталы сөзін алға тартып һәм журналдың мұқабасын әсем Алматыда есейіп, өнерді меңгерген, азамат болып, ер жеткен сүйікті шәһарынан туған қаласы Түркістанға келіп театр ашқан Райымбек Сейтмет ағамызға арнадық.

Студент шақта Райымбек Сейтмет ағамыздың көзін көрдік, рөлдерін тамашаладық, кездесулерде басым көпшілігі ақын Абай мен Қадыр өлеңдерін жеріне жеткізе оқып санамызға сәуле түсірген шақтарын ұмытпадық, сөз өнерін сүйген бізге де ықпалы тимей қоймады. Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан бahадүр ағама уақыт озып, өсіп-жетіліп, қасиетті тарихи қала Түркістанға келіп, журнал ашып, театр тарланы туралы сөз қозғаймын-ау, деп әсте де ойлаған емен... Беу, алма-кезек дүние десеңізші!

Өзге де елім деп еселі еңбек еткен тұлғалар туралы да материалдар беріп отырмыз.

Үлкен-кіші қазақ зиялысы! Арзан сөз ұсынбауға – біз, асыл сөзді қабылдауға – Сіз уәде беріселік! Қолайыңа жақса журналға жазыл, ал да оқы, оқы да ойлан, қазақ зиялысы!

«Сарасөз» журналының
Бас редакторы
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

МАЗМҰНЫ

5 бет:
БАЙРАҚТЫ АЗАМАТ

7 бет:
АКТЕР

7 бет:
ТЕАТРҒА ЕСІМІ БЕРІЛДІ

8 бет:
ТҮРІК ДҮНИЕСІНЕ ТАНЫМАЛ ТҮРКІСТАНИ

14 бет:
ӨМІРДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН МАҚТАНЫШЫ - БАЛАЛАРЫ БОЛАТЫН

16 бет:
ТЕАТР ТАРЛАНБОЗЫ

19 бет:
РАЙЫМБЕК РЕЖИССУРАСЫ

20 бет:
ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҚАЛАМГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

21 бет:
ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК

22 бет:
АМАНАТ ҚҰРМАНЫҢ ХИКАЯСЫ

24 бет:
ТӘҢІРДІҢ ТАҢДАУЫ

27 бет:
АҚСЕЛЕУ ЖҰМБАҒЫ

29 бет:
СТУДЕНТ ДӘПТЕРІНЕН

30 бет:
ӘНГЕ АЙНАЛҒАН ӨМІР

32 бет:
ЖҰПАРЫНАН ИІСКЕТКЕН - ГҮЛ ЖИЫРМА БЕС

34 бет:
ҚАЙДАСЫҢ, ҚЫЗ-АУ?

35 бет:
ТҰСАУЫҢДЫ КЕСЕЙІН, КҮРМЕУІҢДІ ШЕШЕЙІН



Мұрат Шаханбаев. ҚАРАТАУ БӨКТЕРІНДЕ

БАЙРАҚТЫ АЗАМАТ

(АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ БІЛӘЛ СҮЛЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ХАҚЫНДА)

«Ердің еңбегін ел білерлік заман бізге де болар ма екен? Біздің еңбекшілерімізге де сондай күн туар-дағы! Бірақ қашан, қашан? Қайда?»
С. Торайғыр.

Біләл Сүлейұлы!

Алаштың атпал азаматы еді.

Кешегі Сталин-Голощекиндік заман аспанды алақандай, жерді тебінгідей еткен уақытта әуре-сарсаңға түсіп, өлім құшқан болатын. НКВД-ның оғынан опат болған Біләл кім еді? Бүгінгі мына компьютербасты жас ұрпақ Біләл деген бабасын біле ме екен?

Мен, әдебиетші болғандықтан, көбіне-көп тарихтың тасасында қалған, тарихтан өзіне лайық бағасын алмаған тарихи тұлғалар жайлы жазып жүрмін. Мақсатым – Алаш тарихындағы есімі көпке белгісіз немесе ұмыт қалған есімдерді тірілту, халыққа насихаттау. Біз, қашан да, қай заман да болсын, алдыңғы буынға, әсіресе, ұлт бостандығы жолында опат болған боздақтардың әруағы алдында борыштармыз. Өлген адамның алдындағы қарызымызды оның фәни ғұмырында атқарған қызметі мен өнегелі ісін жастарға дәріптеу арқылы қайтарамыз яки рухына арнап құран бағыштап, дұға жасаймыз. Меніңше, бұдан басқа амал да жоқ!



Суретте: *Мамания мектебін бітірушілер 1-ші қатарда отырғандар: Б.Сүлеев, белгісіз, Б.Есенқұлова, Ф.Ғабитқызы, А.Жансүгірова, тұрғандар: Ә.Қалымбеков, І.Жансүгіров, К.Есболатов, Ә.Мұқашев*

Әңгіме арқауы – Алаш қайраткері Біләл Сүлейұлы. Біләл жары, әдебиетші Фатима Ғабитованың жазуына қарағанда, 1893 жылдың (жылан жылы екен) күзінде Қапал қаласының Арасан болысы, Баянжүрек жайлауында дүниеге келген екен. Балалық шағы Сағабүйен ауылында өткен. Біләлдің алғаш қара танып, сауат ашуына себепкер болған өз әкесі – Майлы баласы Сүлей. Сүлей – ескіше оқыған, көзі ашық азамат болыпты.

Біләлдің сүйегі – Найман. Оның ішінде – Қаптағай, Қаптағайдан Дуан, Дуаннан Бұйрас тараған. Өз атасы – Майлы. Әкесі –Сүлей, анасы – Қамқа.

Әкесінің тәрбиесін көріп, дүние ілімін үйренуге талпынған бозбала Біләл он сегіз жасында, 1911 жылы Ақсу болысына қарасты Қарағаштағы Маман ұрпақтарының мектебіне қабылданады. Бүгінгі «Мамания» мектебінде оқыған. Бұл мектепте бір жылдай оқыған. «Мамания» – Жетісу өңіріндегі алғашқы мектептердің бірі. (Задында, алғаш ашылған осы мектеп болатын – Т.Е.). «Мамания» мектебінде, Біләл оқыған жылдары Ғазиз Мусин, Файзрахман Жиһандаров сияқты Мысыр, Түркияның оқу орындарын тәмамдап келген оқытушылар дәріс берген.

Жиған-терген дәулетімен ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен, XX ғасыр басындағы қазақтың атақты ақ адал, ақ жүрек азаматы, меце-

нат, сол уақытта-ақ «Қазақтың Нобель» атанған Есенқұл қажы Маманұлының жәрдемімен Біләл Уфаға аттанады. Мұғалімдік мамандықты даярлайтын «Ғалия» медресесіне оқуға қабылданады. Білімге құштар, дүниетанымы мен өрісі кең Біләл 1916 жылы Орынбордағы мұғалімдер семинариясын тәмамдайды. Біләлдің білім алу жолындағы ізденісі «ұша білген қанатқа дүние кең» деген қазақ мақалына саяды.

Ақын, драматург, журналист Біләлдің жары, әдебиетші, Қапал қаласында дүниеге келген татар көпесінің қызы Фатима Ғабитова: «1916 жылы семинарияны жақсы тауысқан Біләл қара жұмысқа алынған қазақтарға мыңбасы болып, Минскіге барады. 1917-1918 оқу жылында Қапал қаласындағы татар мектебінде мұғалім және оқу ісін басқарушы болып қызмет атқарады. Менімен Біләл сол татар мектебінде таныстық. Мен бір жыл бұрын ол мектепті тауысып, мағариф (оқу-ағарту бөлімі) комиссиясының ұйғаруы бойынша тауысқан мектебімнің өзінде мұғалім болып қалып едім», - дейді[1;189 б]. Енді осы мысалға алынған сөйлемге қайта назар аударайық: біріншіден, 1916 жылдың маусымында Патша жарлығы шыққан соң, Ә.Бөкейхан бастаған М.Дулатұлы, Х.Болғанбай сынды Алаш қайраткерлері Минск қаласына барып, күнбатыс майданының штабын жасақтаған. Осы штабтағы азаматтардың қатарында Біләлдің болғанын растап отырған факт (дәлел, дәйек). Екіншіден, Біләлменен Фатиманың қай уақытта, қалай танысқанын біліп отырмыз. Бұл тұрғыдан алғанда, Алаш қайраткерінің ғұмырнамасын дұрыс жазу үшін бұл естелік бағалы болмақ.



Алаш қайраткерінің қоғамдық-саяси қызметі, қазақ руханиятына қосқан үлесі жайында айтсақ: Алаш Орданың Жетісу облысындағы кеңесінің мүшесі болған Біләл 1918 жылдан бастап халықты сауаттандыру, оқу-ағарту ісіне белсене араласқан. 1928-1929 жылдары Ақтөбе облысындағы халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болады.

1930 жылдары Қазақстанның кейбір қалалары территориялық бөлініске байланысты өзге елдердің құрамына енгендіктен, Наркомпростың жоғары оқу орындары жөніндегі маманы қызметін атқаратын Біләл Орынбор мен Ташкенттегі қазақ институттарын елге қайтарады. Орынбордағы мұғалімдер институтын Оралға, Ташкенттегі мұғалімдер институтын Семейге көшіріп алады. Екі институтты белгіленген қалаларына көшіріп, өзі директорлық (ректор) қызметін атқарған. Семей педагогикалық институтының ректоры болып тұрғанында, яғни, 1930 жылдың тамыз айында қамауға алынып, НКВД-ның түрмесінде екі жыл отырып шығады. 1932 жылдың бесінші қыркүйегінде түрмеден шығып, босаған соң, өз еркімен Қазақстаннан Мәскеуге жансауғалап, қоныс аударған. Мәскеудегі өндіріс орындарының бірінде мәдени-ағарту қызметі бойынша еңбек еткен. 1934 жылдан 1937 жылға дейін Біләл Қарақалпақ автономиясы, КСР-нің Халық ағарту ісі бойынша комиссары секілді жоғары лауазымды қызметтің тізгінін ұстаған.

Біләл – қазақ балаларының оқу оқып, білімді азамат болуы жолында көп еңбек сіңірген азамат. Жетісу өңірінде қызметте жүргенінде, өлкенің оқу-ағарту саласына айтарлықтай үлес қосқан. Тегінде, Біләл Сүлейұлы – Жетісу өңірінің Ыбырайы десек артық айтқандығымыз емес. (Бұл жерде руға немесе жерге байланысты айтып отырғанымыз жоқ – Т.Е.). Ф.Ғабитова Біләлдің ағартушылық қызметі турасында: «Біләл – асқан ақылды, келешекті терең болжай алатын ардақты азамат болатын. Ол Жетісу өлкесінің ауылдарында – екі жылдық бастауыш мектеп, аудандарында – жеті жылдық орталау мектеп және облыста – тоғыз жылдық орта мектеп ашты. Бұл мектептердің барлығы да жатақханалы болатын», - депті[1;190 б]. Ф.Ғабитованың бұл пікірі – қоғам қайраткерінің қызметі мен мінезіне берілген әділ де, лайықты баға сықылды.

Әдебиетші, сан қырлы қаламгер Біләл Сүлейұлының әдеби мұрасы хақында айтар болсақ, ол – өз заманындағы маңдайалды қаламгерлердің сапында болған. Мысалы, жазушы Ж.Ахмади «Біләл Сүлеев кім?» атты мақаласында қалам қайраткерінің шығармашылық әлеуеті туралы ой өрбітіпті: «Біләл Сүлеев – ағартушы, ақын, драмаург, журналист, сатирик, юморист еді. Оның «Қайтсең көсем боласың» сияқты шаншыма өлеңдері болсын, «Қартаға салынған қатын» дейтін пьесасына дейін барлығы өткір, әжуалы жазылған», - айтады да, « Ілияс Біләлдің сатира, юмор түрінде жазғандарына көп еліктеді. Сөзім дәлелді болу үшін екеуінің мына бір өлеңдерін салыстырып көрейік:

Біләл:

«Қазақша, не орысша жөнді білмей,
Сөйлесең бәду-шәду шатастырып.
Сөзіңнің аяғына дұспан көз ғып,
«Жасасын да здраствуйды» матастырып» -

десе, Ілияс:

«Сөз сөйле тіл біткенді бұзыңқырап,
Боза-ботқа докладын мыжыңқырап.
О күнәңді жоям деп бақыра түс,
Күшеніп жасасынға қызыңқырап» - дейді», - деп жазушы қос ақынның жары болған Ф.Ғабитованың естелігін орынды келтіріпті[2;46].

Біләлдің артында қалған мұралары өте аз. Бірақ, ол семинарияда оқып жүргенінде, «Қазақ», «Шура», «Уақыт» , «Тілші» газеттеріне жиі мақала, сатира, өлеңдер жазып, жариялап тұрған. Оның әдеби бүркеншек есімі (лақап аты) – «Матай», «Қаптағай», «Бұйрасқа». Енді бір дау-дамайлы мәселе – «Матай» бүркешек есімі хақында. «Матай» есімін Ілияс Жансүргіруғлы да қолданған болатын. Бұл – бүгінгі әдебиеттанудағы өзекті мәселе. Ілиястанушылар ақынның ғұмырнамасын толық жасағанда, «Матай» есімін нақты қай жылдан бері қолданғанын анықтаса, екеуінің шығармаларын жылнама (хроника) арқылы ажыратып алар едік.

Қаламгердің Алматы жатақханасының тұрмысы негізінде жазылған «Қартаға салынған қатын» атты бір перделі комедиялық шығармасы 1921 жылы қалалық театрда бірнеше рет сахналанған. «Қайтсең көсем боласың» (1922), «Нақысбек» (1922), «Жұт жеті ағайынды», «Қазақ мұғаліміне» (1923), «Қазақтың 24 басалқа дыбысы», «Қыз бен жігіттің айтысы» секілді шығармалары бар. Бәлкім, мұрағаттарды ақтарып, бағлан азаматтың мұрасын іздестірер болсақ, беймәлім мұраларын тауып қалармыз. Бұл, әрине, болашақтың ісі.

Бадалғыр НКВД 1937 жылдың соңына қарай қайраткерді екінші рет репрессиялап, ату жазасына кескен. Қандықасап 1930, 1931, 1937, 1938 жылдары қазақтың небір жайсаң, игі жақсы, бағлан жігіттері өлім құшты ау... Бұл – ұлттық трагедия! Біз, қазақ халқы қанды оқиғаларды ешқашан ұмыта алмаймыз. «Ату жазасына» бұйрық берген жауыздарды кешіре алмаймыз!

Алаш қайраткері Ә.Ермек: «Бізде от жүректі, алғыр ойлы, алмас тілді Алаш жастары болды. Олардың ішінде Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мағжан, Мұхтарлар бар» депті. Осы санаттағы азаматтардың қатарына тасада қалған тарихи тұлға Біләл Сүлейұлын ұялмай қосуымызға әбден болады.

Қазақ еліне, жұртына адал қызмет еткен, елінің болашағы үшін тағдырын таразыға тартқызған азаматын «байрақты ер» деп бағалайтын. Міне, біз әңгіме етіп отырған осы – Біләл Сүлейұлы нағыз байрақты ер болатын.

Сайып келгенде, айтарымыз: «Ердің еңбегін ел білерлік заман бізге де болар ма екен? Біздің еңбекшілерімізге де сондай күн туар-дағы! Бірақ қашан, қашан? Қайда?» (С.Торайғыр) болмақ.

Ерлерді бағалай білейік!

Дереккөзі:

1.Мамания. Құраст.: Ж.Қалиұлы. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 бет.

2.Ахмади Ж.Біләл Сүлеев кім? // Қазақ әдебиеті, №21, 27 мамыр, 1997 жыл.

Елдос ТОҚТАРБАЙҰЛЫ,
әдебиетші

Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ

АКТЕР

(Райымбекке)

Құдайдың берген мінезін
Құлыптап ұстап ішінде,
Ұмытуға керек ол өзін
Өзге адам болу үшін де!

Гамлет боп та ойлайды,
Жүдетіп жұқа жүйкені,
Яго боп та ойнайды,
Өзінен-өзі жиіркеніп.

Әр роль өзі бір сабақ,
Қояды кейде жынды етіп.
Күлкісі келіп тұрса да,
Біреу боп жылау – міндеті.

Өзін де көрген елді де
Есінен мықтап тандырып,
Өлетін роль келді ме?
«Өлуге» ол тиіс нандырып.

Бір фальш көрсе бетінен
Қояды ел сезіп табанда,
Адамның бәрі, шетінен,
Артист боп кеткен заман ба?!

Бірақта жұрттың жартысы,
Қара тер болып жүр босқа.
Бір басқа адам артисі,
Ал артист адам – бір басқа!

ТЕАТРҒА ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Мамырайының соңында Түркістан сазды-драма театрында халық әртісі, мемлекеттік және жастар сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан мен Қырғызстанның өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Түркістан сазды-драма театрының негізін қалаушы әрі осы театрдың тұңғыш көркемдік жетекшісі Райымбек Сейтметовтың есімінің берілуіне байланысты мәдени іс-шара өтті.

Оған қазақ театр өнеріне еңбегі сіңген бірқатар өнер қайраткерлері, Сейтметовтер отбасы, Райымбек ағаның төл шәкірттері қатысты.

Іс-шара алдымен Р.Сейтметовтың қабірінің басына барып құран бағыштаудан басталды. Одан соң театр ғимаратының алдында театр тарланының естелік тақтайшасы ашылып, Сейтметов ғұмыры жайлы шағын фильм көрсетілді. Театр труппасы Райымбек Ноғайбайұлына арналған әдеби-музыкалық композициясын ұсынды. Шара соңы Сейтметов рухына бағышталған ас берумен аяқталды.

ТҮРІК ДҮНИЕСІНЕ ТАНЫМАЛ ТҮРКІСТАНИ

(ДАҢҚТЫ РЕЖИССЕР, АКТЕР РАЙЫМБЕК СЕЙТМЕТОВ-ТҮРКІСТАНИДЫ ЕСКЕ АЛУ)

Құлбек ЕРГӨБЕК

Түркиеден белгілі қоғам қайраткері, түрік дүниесінің жанашыры Намық Кемал Зейбек келген. Түрік дүниесі десе ішкен асын жерге қоятын фидайы жан. «Түркістан – түрік халықтары рухани астанасы» (Н.Назарбаев) боларына құдайдай сенетінін қайтерсің?!

Екеуміз Райымбек Сейтметов-Түркістани зиратына келіп зиярат етіп тұрмыз. Досы. Құран оқыды. Бірге бет сипастық. Досы туралы қимас сөздер айтады. Мен үнсіз басымды изеймін. Райымбек ағаны түбі бір түрік дүниесін өзара ынтымақтастыруға, жаңа уақытта қайтадан жақындастыруға қызмет етіп жүрген аса ірі, өте керек түріктік тұлға еді – дейді Намық. Мен басымды ие түсемін. Түркістанда мәңгілікке дамылдап жатқан Райымбек Түркістани тағдыры жайында толғанамын.

Әңгімені Түркия Республикасында жарық көретін "Ай-хабар" жорналының кезекті санынан бастағым келеді. Жорнал тысында алты алаштың ардағы аталып, арамыздан жалған дүниеден бақилыққа жылжып жүріп кете барған өнерпаз – Райымбек Сейтметов-Түркістанидың мандайы жарқыраған "жансыз" бейнесі (суреті)!

Жорналды парақтадым. "Райымбек Сейтметовтің ардынан" аталатын мұнақып беріліпті. Оған жалғас Мұстафа Везилкүрттың "Өлүрсе тәндер өлүр, жанлар өлми дегил" (Өлсе де тәніңіз, өлмейді жаныңыз) аталатын естелік мақаласы жарық көріпті.

Райымбек Сейтметов сырқат салдарынан ессіз-түссіз жатқан жандандыру палатасына кіріп, қолын сүйіп хоштасқан досы – Түркия Республикасы қоғам және мемлекет қайраткері, күллі түрік дүниесі жанашыры Намық Кемал Зейбек әрекеті болар деп ойладым.

Иә, Қазақстанның өнер жұлдызы, Қазақстан, Қырғызстан Республикаларының Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтарының иегері. Өзбекстан, Түркие Республикасы, Татарстан, Башқұртстан барып, спектакль қойған Райымбек Сейтметов түрік дүниесіне кең танылған, күллі түріктік өреге көтерілген кемел тұлға еді.

Сөйте тұра, Рекең әруағына бағыштап жариялаған хоштасу, еске алу материалдарды кім ұйымдастырса да заңдылық, бізге сіңбей келе жатқан түріктік ілкімділік, түріктік патриотизм деп қабылдадық.

Райымбек Сейтметов-Түркістани жайында ойланамын. Ойлана келе түріктік өреге тартыла тұлғаланған өренжүйрік өнерпаз жайында қалам тартайын деп тәуекел еттім. Тәуекел ететінім - өмірдің соңғы 15-16 жылын Түркістанда қатар жасап, жақсы



У.Шекспир «Отелло». 1964 ж. Кассио рөлінде

қарым-қатынаста өткізіппіз. Жаман сыйласпаппыз. Ең бастысы жалған сыйласпаппыз. Ол нағашы. Мен жиен. "Нағашы-нағыз ағасы" деп алға ұстап жүріппін. "Жиен" деуден ол да жаңылмапты. Бұл өмірге жүрсе жүретін, өнерге жүрмейтін туыстық! Алдаспан ақын Махамбет айтқандай "атадан алтау тусаң да" өнерде жалғызсың. Өнер адамын бір әке, бір анадан туған бауыры да ақи-тақи түсіне бермейді. Ол үшін ешкімді кінәлап жатудың да керегі жоқ. Өнерді таңдадың-жалғыздықты таңдадың: жауға-жалғыз шабасың, жау түсірсең – ортақтасар көп, сәтсіздігің - өзіңдікі. Бір сөзбен айтқанда, бақыттылығың–халықтыкі, бақытсыздығың – бір өзіңдікі! Сондықтан елдің Райымбегі атанып кеткен ерен тұлғамен қан туыстығым бар еді деп малданудан аулақпын. Сөздің сірағасы үшін ауызға алып отырғаным.

Райымбек аға - өміріміздің өнегесі еді. Атын анамыздан әудем-бірде еститін Райымбек Сейтметовті жетпісінші жылдары Әл-Фараби атындағы Қаз Му-дың филология факультетіне түсіп, оқып жатқан жылдары

көріп жүздестім.

Алдымызда ғана оқу бітірген Сағат Әшімбаевтар (ол курсты ұстаздарымыз солай атайтын. Қ.Е.) бізге бір әуезе етіп айтар әдемі өнеге, жалықпай жалғастырар жақсы дәстүр қалдырып кетіпті. "Әдебиетіңді сүй, өнеріңді өнеге тұт!" М.О.Әуезов атындағы әдеби бірлестік жас демей, жасамыс демей ақын-жазушы, өнер өрендерін кездесуге шақырады да жатады. Тайлытұяғымыз қалмай барып, ақшамнан қою қараңғылыққа дейін түн қатып, қалқиып отырып әлгі әдебиет әпендісін, не өнер жұлдызын тамашалаймыз. Өзіміз де жазушы болу арманынан аман емеспіз. Ондай арман бұрын болмаса әлгі кездесулер "ауыртпай" тынбас еді. Талап сондай күшті ме, болмаса бәрімізде бірдей талант ұшқыны бар ма, ол жағын білмеймін. Бір апта кездесусіз өтпейді. Әйтеуір бір кездесуге бармай қалған емеспіз-ау. Ұлы Мұхтар Әуезов бұрынырақ қайтыс болып кеткен. Сөйтіп сорымыз қайнап, данамен дидарласа алмай қалғанбыз ғой. Әйтпесе, Сәбит Мұқанұлынан бастап көзі тірі классиктерді құтқармаймыз, жалынып шақырамыз, қиылып өтінеміз, қинап та келтіреміз. Ал, бес жүз, алты жүз кісілік залға адам сыймайды... Әдебиет пен өнер ақсақалдары жастарға ақылын айтып, кеңесін беріп кетіп жатады. Әдебиет пен өнер жас өркені абайлап келіп, сырласып, сына пікір есітіп кетіп жатады.

Поэзияда Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев даңқы дүбірлеп өтіп, даңқ жайлауын Мұхтар Шаханов жайлай бастаған шақ. Қыршын талант Саттар Ерубаев поэзиясы романтикалық рухында жазылған "Танакөз"поэмасын жатқа білмейтін жас жоқ. Өлең жаттау өз алдына сахнадан жылап оқып тұрамыз. Мұхтар Шаханов бізді баллада болып та, ән болып та әлдилей бастаған кез. Ол жылдары Мұқаң жастардың жүрегін сарымайдай ерітетін ғажап әндер шығарды.

ҚазМу-да Райымбек Сейтметов пен Мұхтар Шаханов – ел аузында жүрген екі қанатты азаматпен кездесу болады деген әңгіме гу ете түсті. Райымбек "Танакөз"поэмасын радиодан нәшіне келтіре мәнерлеп оқып жүрген кез. Талай мәрте тыңдағанбыз, талай мәрте өлең оқу мәнерін "ұрлағанбыз." Міне енді жастардың сүйікті ақыны мен сүйікімді актері жастармен кездесуге келе жатыр...

Қарсы алушылардың ішінде болдым. Ресми іссапармен келген шет ел мемлекет басшысын қарсы алғандай қарсы алдық. Ақ плащ киген екі қанатты, талантты өнерпазбен алғаш осылай жүзбе-жүз кездестік. Жүздескені үшін жастар өзін бақытты сезінді. Сол жастың бірі - мен едім.

Біздің бір таңқалғанымыз - Мұхтар Шаханов не өлеңін оқитын емес, не әнін салатын емес, тек сөз сөйледі. Ал жалындаған жас актер-Райымбек Сейтметов Мұқаңның өлеңдерін ой, бір нәшіне келтіре оқыды дейсің. Қыбымыз қанды. Ақырында қолқалап Мұхтар Шахановтың өзіне өлең оқыттық.

"- Өлең жазу бар да, оқу бар. Мен өз өлеңдерімді Райымбек ағадай оқи алмаймын"-деп қысыла сөйлеген Мұқаң қызарақтап барып, ақыры өлең оқыды. Жоқ, Мұқаң да өз өлеңін жаман оқымайды екен... "Бірақ менің мұрныма май құйса да композитор болмаймын. Сондықтан, ән сал деп қинамаңдар!" - деді Мұхтар аға!

Райымбек Сейтметов өлең оқумен бірге ой өрбітуі жөнінде де салиқалылық танытты. Ой тарату, тыңдаушысын үйіре тарту мәнері бөлек көрінді. Актер емес пе?! Ойпаз сипат танытты.

Есітуім өз алдына, Райымбек Сейтметовті тұңғыш кездесіп, жүздесуім – осы сәт!

Әсершіл жастар емеспіз бе, Райымбектанумен ертеңінен бастап айналыса жөнелдік. Өйткені біз ол жылдары сөз өнерімен ғана емес, өнердің өзге салаларымен де бас ауырта бастап едік.

Профессор Бейсембай Кенжебайұлының шақыруымен бізге Консерватория профессоры Асқар Тоқпанов та сабақ беретін...Ол кісі Мұхтар Әуезовтың "Абай" пьесасы бойынша спектакль қойған режиссер, жас буын өнерпаздарды тәрбиелейтін ұстаз... Мәскеуде оқып білім алғаны бар, сүйегіне сіңген қазақы дәстүр бар – Асекең театр өнері жайында жандыра ой айтып, жалындай сөйлейді. Табиғатында романтик жан қызақыза келе Мұхтар Әуезовке «Абай» трагедиясын қайта жаздыруға, о тіпті өзі жазып беруге дейін қоспалап жібереді. Айтып тұрғаны режиссердің сценарийі екенін кейін біліп жүрміз-ау. Елігіп кететініміз сонша біздің кейбіріміз консерваторияға ауысып алуға даяр жүреміз... Ол да бір жайтартқыш өнер иесі еді, жарықтық!

Біз Райымбекті көру үшін театрға баратын болдық. Әубәкір ("Беу, қыздар-ай"), Арыстан, Сұңғат ("Бөлтірік бөрік астында"), Қозы ("Қозы көрпеш-Баян сұлу"), Әбіш ("Абай"), Шоқан ("Шоқан Уәлиханов"), Жайнақ ("Ана-Жер-Ана") рольдерін ойнайды, Рекең! Ұлы Мұхтар Әуезовтен тартып, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ш.Айтматов, Қ.Байсейітов, Қ.Шаңғытбаев, Қ.Мұхаметжанов секілді айтулы драматург шығармалары. Әр алуан ой-сезімді меңгерген, әралуан деңгейдегі ғажап жазушылар. Халықтың рухани тарихында өздерінің қайталанбас орны бар қаламгер қауымының драмалық, трагедиялық, комедиялық пландағы кейіпкерлерін сахнаға алып шығар Райымбек Сейтметов ойнаған рольдер кейіпкержандыланып тұлғаланатыны соншалық спектакльдің өнерлік өзегіне, шешуші шегесіне айналып кетеді.

Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Сәбира Майқанова секілді аға буын сахналық ойынын тамашалау да бір арман еді ғой. Бағымызға қарай сол сахна алыптарының өнерлерін де тамашаладық. Сонымен қатар Райымбек, Сәбит, Асанәлі, Фарида сахна басымдылығына ие бола бастаған орта буын өкілдері. Жастар жүрегін жаулап көрермен көңілінен берік орын алған орта буын өренжүйрік өнер өкілдері!

Сол жылдары сахна өнерін орасан биікке көтеріп кеткен Гольдблат есімді білімпаз режиссер болыпты. Райымбек Сейтметов консерваторияда сабақты сол Гольдблаттай ұстаздан бастап, Асқар Тоқпанов класында жалғаған екен. Өкініші біз көре алмадық.Кейін Театр өнеріне Станиславскийден кейін орасан жаңалық әкелген ГүК.Тавстоногов алдынан (стажировка) өтіпті. Ол кісіні де көзіміз көрді. Аз-кем сұхбаттастық. («Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрді.)

Н.В.Гогольдің "Үйленуінде" Кочкарев, В.Шекспирдің "Асауға-тұсауында" Люченсио мен Кассио, Л.Дюрканың "Электра, сүйіктім менің де" Эгиста, М.Байджиевтің "Жекпе-жегінде"Әзіз, Ә.Таразидың "Жолы болғыш жігітіндегі" Кірпішбай, Т.Әбдіковтың "Біз үшеу едік" пьесасы бойынша қойылған спектакльде Мұрат рольдерін ойнауы Райымбек Сейтметовті сахнада ойнайтын ғана емес, сахнада ойлайтын актер ретінде танытты. Бұл әрі қарай "Көктөбедегі кездесудегі" Исабекке барып ұласатын. Ал, Исабек ролін ойнаған Райымбектің Шыңғыс Айтматовпен ағалы-інілідей жақын сыйласуына осы Исабак ролін ойнауы себепкер болды.

Актерлік өнерде Райымбек аға олжалы еді. Қандай роль тапсырылса да оның бойын ғана күйттемей

ойына бойлап, психологиялық тұрғыдан зер салып, кейіпкер сөзіне ерекше мән беріп жан-жақты аша тұлғалап Райымбектік шеберлікпен сомдады. Театр сахнасындағы, кино өнеріндегі ол рольдер халық жадында жатталып қалды деп ойлаймын.

Актерлік өнердің өзі бір жігіт басына аз емес. Бірақ, жасай түсіп – жасамыс тарта келе, интеллектуальдық тұрғыдан толысқан сайын актердің бірәзі режиссураға қол ұруы, бейімін байқап көруі заңдылық. Бірінде та-



лап ақталады, бірінде ақталмайды. Ол актердің рухани жан байлығына, бойындағы дарын бейімділігіне байланысты игерілетін мамандық. Режиссердің көбі өнер жолын актерліктен бастаған. Актерлік мол тәжірибе, Мәскеудегі режиссерлік курстан өтуі, Санкт-Петербургта Г.Тавстоноговтай ғажайып режиссердің қолында стажер-режиссер, ассисент болып істеуі – актерлігімен бірге Райымбек Сейтметовтің режиссерлік өнерін де кең өріске шығарды. Райымбек Сейтметов – Қазақтың М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жастар театры сахналарында драматургияның әлемдік, ұлттық класикалық үлгілерін, қазақтың жас драматургтері пьесаларын өзінше ерекшелікпен қойып, үлкен абыройға ие болған қабырғалы режиссер. Райымбек Сейтметов режиссерлік тағдырында айрықша бөлектеп айтар бір өзіндік жол бар. Ол – Р.Сейтметовтың қазақ сахна өнеріне поэтикалық спектакльдерді қоюы. Яки Рекең режиссер ретінде «поэтикалық театр» жасаған жаңашыл.

Ұлы Абай, сахнадан «қайран елім, қазағым...» деп қамырығып сөйлесе, адуын Махамбет сахнада алдаспандай жарқылдап шамырқанып сөйлесе - Райымбектей поэзия сүйгіш ақынжанды режиссердің күн, түн қатқан еңбегінің нәтижесі. Ұлттық әдебиетіміздің болмыс-бітімі бөлек екі ақынын сахнаға шығарамын деп әлекке түсіп, әбіржігенін де, отырғанды қойып, иін тіресе тік тұрып, спектакль тамашалаған «аншлаг» аудиторияны көріп, қанаттанып, наушаланғанына да куә болғанбыз. Т. Бердияров, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, Қ.Мырзалиев поэзиясы негізінде поэтикалық театр дәстүр түзілімін жасаған да Райымбек Сейтметов! Егер, Райымбек Сейтметов дос көңілден әлгі аталған ақындар поэзиясын өзара байланыстырушы философиялық өзек тауып, сахналамаса, олардың сахна өнерімен әсте ісі жоқ жандар!

Райымбек Сейтметовты режиссер ретінде Қазақстан Республикасының іші-сыртына еркін танытқан жылдар – оның Ғ.Мүсірепов атындағы Балалар және жастар театрында көркемдік жетекші болып істеген жылдары!

Ол сахнада жалындап актер болып ойнады.

Ол ой кешіп режиссерлік етті театрда. Қазақтың С.Балғабаев, Н.Оразалин, Б.Мұқай, Ә.Тауасаров секілді өндір жас драматургтерінің пьесасын сахнаға шығарып бағын ашты. Әлемдік классикаға қол ұрды. Тіпті режиссер Райымбектің драматургке ықпалы да молынан тиді. Шерхан Мұртазадай табиғатында прозалық жазушыға «Пьеса жазыңыз. Мен спектакль қояйын!"- деп жүрген де сол Сейтметов Райымбек. «Сталинге хат» - өмірге осылай келген. Пьеса мәтінімен танысып, спектакльді тамашалап барып «Егемен Қазақстан» газетінде "Шамырқанып оралған шындық" аталатын мақала жазған жанашыр ретінде айтайын –"Сталинге хат"- қазақ руханиятында құбылыс болды уақытында. Спектакль қанша күн қойылса, сонша күн театрға көрермен халық лық толды. Тіпті театрда адамның аузы-мұрнынан шығып кеткені соншалық, есік-терезесі шытынап, ғимарат солқылдап кетті. Адам біткеннің бәрі ызалы, көзінің құйрығы қызарып алған, шетінен ашулы. Қазақты қынадай қырған И.В.Сталинге, И.Голощекинге оның көп жылдан кейінгі қазақстандық «мұрагері» Г.В.Колбинге ызалы. И.В.Сталин ролін Райымбектің өзі ойнады. Спектакльді ұстап тұрған және бір актер болды. Ұмытпасам Т.Пірімжанов болар. Екеуі жарысып ойнап, сахнада жарасым тапты. Пірімжановты театр басшысы Райымбек жеке басындағы кейбір келеңсіздігіне қарамай таланты үшін театрда ардақтап ұстап бақты. «Егемен Қазақстан» газеті бетінде жазған мақалама Ш.Мұртаза Москвада іс-сапарда жүрген жерінен арнайы телефондап рахмет айтып еді. Спектакль – Р.Сейтметовтің ұлттық болмысын көрсетті. Сол жылдары ұзамай жастар театры бауырлас қырғыз еліне гастрольдік сапармен барды. Қырғыз бауырлар менің спектакль жайындағы мақаламды сұратып алып, қырғызша қотарып (аударып) "Кыргызстан маданияты" газетінде жариялады. Ш.Мұртаза алғысын "Мен қарапайым прозаикпын. Менен драматург жасаған ана Райымбек батыр"-деп жеткізді. Рекең де ризашылығын айтқан.

Жасыратын несі бар, сол жылдары жастар театры аға-әріптесі - М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрдың алдына түсіп кетті.

Тәуелсіздік алдық.

ЕлбасыН.Ә.Назарбаев Түркістанды көтеруге құмбыл кірісті. Түркістан дегенде не жан қалсын?! Мен де кеттім Түркістанға. Біраз жыл жұмыс істеп 1994-1995 жылдары докторлық қорғау үшін арнайы мерзім алып Алматыға келдім. Жан бағу да оңай емес. Мың болғыр Ахат Жақсыбаев "Қазақ әдебиеті" газетіне сын бөлімі меңгерушісі қызметін қосымша атқаруға қосты.

Бір күні редакцияға замандас актер Байғали келді. Бөлмеде қатар отыратын Иранбек (ол кезде Оразбаев. Қ.Е.) Исрайыл Сапарбаев – қос аға әріптесіммен күбің-күбің сөйлеседі. Түсініңкіремей мен отырдым. Райымбек Сейтметовтың аты аталып-аталып қалады. Әйтеуір сол нөмірге Райымбекті пендешілік батпағына батыра жамандаған (сынаған дей алмай отырмын. Қ.Е.) мақала шықты... Бірі жазып, екі кісі жетелеген мақала Райымбек ағаға жайлы тимеген болар, асылы! Бірінің пьесасын қабылдамаған шығар, біріне роль бермеген шығар. Кімнің ішіне кіріп шығарсың? Қалай дегенде даңқ тұғырында жүрген көркемдік жетекші - Райымбек Сейтметовке сол жолы обал жасадық-ау...

Түркістанға барып, қайтып тұрамын. Жолыға қалса Рекең жәдігер қаланың жайын сұрағыштайтын. Не дейін? Түркістан жөнінде ол кез түгілі бүгін де мақтана алмаймыз. Ол кезде ақшаңдаққа оранып тіпті жербауырлап жатқан адыра қалған қала ғой. Хал-хадарықал көргенімді, білгенімді, көңіліме түйгенімді барынша айтамын. Елбасының уәдесін алға салып, келешекке сенім артып сөйлеймін.

Бір жолыққанда Түркістаннан музыкалық-драма театрын ашу жөнінде өтініш айтып Президентке хат жазсақ қайтеді деген ойын білдірді. Екеуміз біздің үйге барып көне жазу машинасын тықылдатып хат жаздық. (Машинка, қолжазба күні бүгін менде сақтаулы.)


Театр бірден қайдан ашылсын?

Алдымен Рекең Түркістанда жаңадан ашылып жатқан Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне қызметке келді. ХҚТУ президенті М.Ж.Жұрынов алдымен кафедра ашты. Рекең профессор болып іс бастады. Шәкірт жинақтады. Таңдады. Талғады. Бастады. Түркістанда көрші тұрдық. Екі қабат үй берілген еді. Бірде Алматыдан келген бетте Рекең үйіне бас сұқтым. От жағамын деп үсті-басының бәрі қара күйе болғанын көрдім. Пысықтау секілді еді нағашым. Олай емес екен. Өмірге икемсіз болып шықты. Суықтан машинасының моторы қатып қалыпты. Үйдің жылу батареялары да қаусап қалыпты.

Екі қабат үйді еркімен тастап Рекең Кентау кетті. Онда тау-кеншілердің әдемі Мәдениет сарайы бар болатын. Сол үйді театр есебінде пайдалана тұрмақ. Студенттер практикалық спектакль қояды.

1999 жылы облысқа басшы болып Б.Сапарбаев келді. Облыс түп-түгел түн-түнекте отырған. Жарық жоқ. Көгілдір от жоқ. Жоқ. Жоқ. Жоқ. Көп қабатты үйдің әр қабатынан ханымдар қазан-аяғын қамдап, жерге арқаланып түсіп, құрылған жер ошаққа от жағып, қазанын асып, оның астына бұтақ сындырып от жағып, піскен асты қайта көтеріп, жоғары қабаттағы пәтеріне белі майыса күйелештене көтеріліп бара жатқанын талай көрдік. Әйелдер ыстық қауметін солай дайындайтын. Бұрынғы әкімдер Шымкенттей қаланы қап-қараңғы тас қалаға айналдырып қалдырған. Іскер басшы ілкімді іс-қимылынан, іскер ұйымдастыруынан соң біртіндеп жоқ нәрселер пайда бола бастады. Өлі қалаларға жан кірді. Жұртшылық жүзіне қан жүгірді. Өнер адамының қадірін білетін Бердібек Сапарбаев облыс театрларының басын қосып көркемдік кеңес құрып, Райымбек Сейтметовты көркемдік кеңес жетекшісі етіп сайлады. Облыстың күллі театры тағдырына араласып, Райымбек аға бағыт-бағдар беріп отыруға тиісті. Бірақ Рекең қиналып зорға келісті. Өйткені оның бар арманы – Түркістаннан театр ашу еді. Облыс орталығына көп келмей, Түркістан – Кентаулатып шәкірттерін тәрбиелеп, кафедра қабырғасын кеңейтуге барын салғанды хош көретін.

1999 жылы Түркістаннан театр ашу туралы Президент жарлығы шықты. Түркістан теміржол мәдениет үйі музыкалық-драма театры болып қайта жасақталды. Қала әкімі Өмірзақ Әметұлы театрға жағдай жасау



мақсатында өнер ғимараты іргесінен "Актерлер үйін" салдырды. Театр ісі Түркістанда жүріп берді. (Ол жылдары "Актерлер үйін"салу үлкен ерлікті қажет ететін еді. Қ.Е)

Райымбек Сейтметов Түркістанда ынтымақ тапқан бір азамат, Түркия Республикасы қоғам және мемлекет қайраткері Намық Кемал Зейбек болды. Бауырлас Түркияда Мәдениет министрі болып қызмет атқарған ол Райымбек Сейтметовтің жанын терең түсінді. Ол күллі түрік жұрағаты ең болмаса рухани бірлікке қашан қол жеткізеді?-деп армандаумен жүрген романтик жан. Ал Райымбек аға ойлап жүрген театр-ол да түрік халықтарына ортақ өнер ошағы болу үшін ойластырылған. Қанаттас, замандас екі азаматтың өзара достық бейіл табуы арманы-асқарлас, ойы орайлас, кісілік болмысы қабилас шыққандықтан!

Р.Сейтметов Шекспирден тартып әлемдік классиканы қазақ драматургтері туындыларына ұштастыра Түркістан тетрында көп спектакль қойды. Еркінше қимылдады. Вахабзаденің "Көк түріктер" пьесасы бойынша қойылған спектакльді Елбасы Н.Ә.Назарбаев та тамашалады. Елбасы көңілінде Түркістан театры ертеңіне деген нық сенім ұялаған шығар. К.Зейбек қазақша ойналымын бір тамашалап, оны түрік тілінде ойнау жөнінде ұсыныс айтты. Рекең ұсынысты көктен сұраганы жерден табылғандай қуана қабылдады. Спектакль түрікше ойналды. Театр труппасы – халықаралық

қазақ-түрік университеті түлектері болғандықтан түрік тілін жақсы біледі. Өз еліне ықпалды Намық Кемал Зейбек театр труппасын Түркияға гастрольге шақырды. Жас театр жылда жаз айларында Түркия Республикасына гастрольдік сапармен барып, өнер көрсетіп, бауырлас ел ықыласына бөленіп қайтатын. Жалпы, бауырлас елдердің ішінен Қазақстан Республикасының жан-жақты даму үдерісіне қызғанышсыз қарайтын ел – Түркия Республикасы! Сондай ел майталман өнер шебері Райымбек Сейтметов бастаған театрдың түрік



М.Әуезов «Абай». 1965 ж.
Р.Сейтмет Әбдірахман рөлінде, қасындағы Х.Бөкеева

тілінде ойналатын спектакльдерін көріп, тіпті риясыз ықылас білдіріп жатар еді. Жас еліміздің даңқын жасамыс режиссер осылай сырт елде асқақтатты. Түркістанда түбі бір түрік халқына ортақ театр жасасам деген арманына жақындап келе жатты. Өзі де Сейтметов екенін ұмытып түбегейлі "Түркістани" болып алды.

Бір шаңырақтың астында қызмет еткен соң әңгімелесіп жүрдік. Кейде ойласар ортақ мәселелер болады. Сонда байқағаным – Рекең романтикалық рухта қалыптасқан жаны нәзік, кейде тіпті көңілшек жан екен. Режиссер әдетте диктатор болуға тиісті еді. Райымбек Түркістани кеше алдынан білім алған студент, бүгінгі труппалас-әріптес актерларды жанындай жақсы көреді. Кесіп айтып, айтқанын бұлжытпай орындату орнына, идеямен жұмсайды. Айрықша зер салатыны-тіл. Тілін жұтқан актерді кешіре алмайды. Қазақ тілі қасиеті! Оны дұрыс тұтынбау-қорлау! Райымбек актерлері сахнадан саңқылдағанда орны бөлек. Әрине, жөнді-жөнсіз саңқылдамас. Онда құрғақ айқайға айналып кетеді ғой. Олай емес. Кейіпкер табиғатына, роль жағдайына – жандүниесіне қарай құйылтар, құйқылжытар. Бірақ қазақ сөзін қастерлеу – Райымбек Түркістанидың шәкірттері санасына бұлжытпай сіңірген, орындалмай қалса кешпес, кешірмес берік ұстанымы! Сонымен қатар, Райымбек аға – романтик екен. Романтик болғанда да максималист. Бар арманы келешекте – Түркістаннан түрік республикалары режиссерлері келіп, қос қатар спектакль қойып жататын көп профильді театр ашу. Осы идеясын жарғақ құлағы жастыққа тимей айтумен жүрді. Әкімнің бәрі бірдей өнерді түсіне ме, өнерге жағдай жасай ма? Оның үстіне оңтүстікте азаматтар уәде беріп, шығарып салуға шебер-ақ. Өмірінің соңғы сәттерінде қала әкімінен қайран болмасын білді ме, әйтеуір облыстың сол кездегі әкімі – Болат Жылқышиевке осындай түрік халықтарына ортақ театр ашу мәселесімен қайта-қайта барғыштады. Облыс басшысынан «Театр саламыз»- деген уәдесін алған және оған шүбәсіз сенген Рекең қуанышында шек болмады. Ұзамай Болат Жылқышиев басқа қызметке ауысып кетті. Райымбек Сейтметов жүдеп жүрді. Арманы аяқсыз қалардай қатты уайым шекті. Енді, міне Райымбек Сейтметов те бақилық болып кетті. Түркістаннан түрік дүниесіне ортақ бірорталықты кешенді театр салу идеясы аяқсыз қалып қоймаса болғаны!...

Бірде Райымбек ағаға:

- Журналистика бөлімінің жоғарғы курсы студентінің бірін белгілейін. Ол сұрақ жинақтасын. Сіз баласынбай байсалды жауап беріп отырсаңыз. Ол тәжірибе ұштар еді. Сіз үшін, ең бастысы ертеңге өнерлік өнегеңіз қалар еді – дедім.

Ол келіскендей болды.

Бірақ, уақыт таппады.

Рекең көңілжықпастау режиссер болды-ау деп ойлаймын кейде. Маған да пьеса жазып көрсең қайтеді? – дегені бар.

Нағашым бірде мені белгілі өнер жебеушісі-меценат Мұхтар Құл-Мұхамедке ертіп барды. "Атамұра" баспасы өнерпаз тағдырынан "Шығармашылық ғұмырбаян" сериясы бойынша кітап шығаруды жоспарлапты. Шамасы орыс тіліндегі "Жизнь в искусстве" сериясының молжалды, кеңейтілген түрі. Серия бойынша Сәбит Оразбаев кітабы өндірісте, кезек Райымбек Сейтметовке жеткен. Жұмысы басынан асып жатқан Рекең ақы-пұлсыз тегін шығарып берейін деген кітап материалдарын әлі жинақтап бермеген. Сол жайларды айтып Мұхтар Райымбек ағаны ұялтады.

- Жақында тапсырамын Мұхтар! - деп Рекең уәдесін беріп шықты.

Кабинет жақтаулары толы – өзімізде туса да өзекке тепкендей етіп сырттатып жіберген қылқалам шебері Орал Таңсықбаевтың бейнелеу өнері саласындағы картиналары. Түпнұсқа. Үшеуара әңгімеде Рекең бейнелеу өнері жайында көсілсін. Мұқтарды білмеймін, өз басым таң қалдым. Шын режиссер солай болса керек-ті-дедім іштей сүйсініп.

Райымбек Сейтметов - өте сауатты азамат еді. Өнер жайлы білімі ересен. Онымен өнер жайында әңгімелесудің өзі бір бақыт еді. Өнерді айтамыз-ау, археологияны жанындай жақсы көруші еді. Онда ғажайып шығыстанушы, археолог В.Бартольд шығармаларының тоғыз томдығы болатын. «Москвада режиссерлік курста оқыған кезде қолыма түсірген едім», - дейтін. Бартольд шығармаларын кітапқа айырбастап дегендей ептеп-септеп есебін тауып алу ойымда болды. Өйткені, менде Бартольд томдықтары түгел емес-ті. Нағашым қаттылық жасады.

- Жиендік жасап ұрлап алсаң амалым жоқ. Әйтпесе, өзіме керек!-деп кесіп айтты.

Кітап ұрлап жаманатқа қайдан қалайын?!

Кітап 2003 жылы жарық көрді. Р.Сейтметов кітабын: "Қадірлі інім, өнер мен әдебиеттің білгірі, жанашыр азамат, Құлбекке!

Ізгі ниетпен ағасы Райымбек Сейтмет Түркістанидан. 13.09.03" – деп қолтаңба жазып сыйлаған еді, жарықтық. Кейін Сәбит Оразбаев, Райымбек Сейтметов - өнерде де, өмірде де бір-біріне адал болған замандас, қанаттас, өздері өрелес, таланттары өрістес осы екі дос жайындағы қос кітаптың басын қосып толымды

мақала жазып, бір баспасөзге жолдаған едім.

Хабар-ошарсыз кетті. Жол-жөнкей еске түсіп отырған жайлар.

Соңғы жылдары "Актерлер үйінен" жағдай кетті. Қыстың күндері Рекең "тонған торғайдай" бүрсең қағып, мұздыаяқ болып жүрді. Жағдайын көріп, іштей біліп түсінген университет Президенті Серік Пірәлиев Рекеңді дереу жағдайы бар коттеджге қоныс аударты. Түркістанда ауыз су да шешімін таппаған мәселе. Соны ойлана келе "ең болмаса таза су ішіп отырмақ" болып университет қалашығы ішінен жер белгілеп үй сала бастады. Обалы не, Қызылорда облысының әкімі (бүгінгі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі) Мұхтар Құл-Мұхамед қадіріне жетіп, кірпіш жеткізіп берді. Алдында "Режиссер, актер Райымбек Сейтметов" (Атамұра 2003) аталатын кітабын да жақсылап баспадан шығарып берген осы Мұхтар Құл-Мұхамед! Бұл Райымбектей өнерпаз тұлғаның жағдайын, біздің қоғамдағы рөлін терең түсінгендіктен туған қамқорлық қой. Әйтпесе, өнер жолында жанын пида етіп жүрген Райымбек ағада үй салар не күй бар? Мұхтардың таным-түсінігіне, кісілік пайымына Райымбек Түркістани осы тұрғыдан риза болады! Алдында қала әкімі Әли Бектаев "Сізге қолқабыс жасайық, үй салып берейік"- деп айттымен біраз уақытын алдырды. Рекеңмен бірге жер алып, үй салушылар біраз жерге жетіп қалды. Рекең қимылы баяу. Кісі жағдайын айтпай түсінетін университет басшысы Серік Пірәлиев бірде маған "Сен білсейші Рекең ағамыз қиналып жүр-ау. Университет тарапынан жәрдем берсек қайтеді?"- деп тапсырма берген. Телефонмен хабарласқанмын. Әңгімелесуге арнайы келді.

- Жігіттер қызық екен ғой –дейді әдеттегідей нанымпаз қалпы. Мұхтаржан (Құл-Мұхамед. Қ.Е.) уәделі кірпішін жеткізді. Қалатып жатырмын. Мына Әли бір әуп деп жіберсе бітіп қалайын деп тұр. Алда жетпіс жас келе жатыр. Ұятты жиып қойып, жақында алдына кіріп, берген уәдесін есіне салдым.

- Е, е деймін мен де үміттеніп.

- Қырт екен. "Тегін іс тез болмайды, Реке?"- деп қылжақтайды.

- Әй, өзі дегенде айтқыш. "Тегін іс тез болмайды", ә ?

- Ей, сен де –деді де

Күлдіргіш, күлегештеу, сөзге ұста,

Иттер көп-ақ қой біздің тұста – деп Абайша аңырата жөнелді.

Ызасын Абай, Қадыр өлеңдерін жатқа оқып, сыртқа шығаратын, сөйтіп жаны тыншитын әдеті еді жарықтықтың. Қиналғанда тағы да Абайға сүйенеді.

Мен университет басшысы Серік Пірәлиев қамқорлығын жеткіздім.

Балаша қуанды.

Соңғы кездесуімізді еске аламын.

Балакөңіл өнер адамын қойсайшы, бұл!

- Жиен! – деп әдетінше аға болып жайраңдай кіріп келді.

- Амансың ба?

- Шүкір нағашы. Кербез келіншек қойнынан шыққандай жып-жинақы болып қайдан жүрсіз?

- Алматы бардым. Асанәлі достың тойына қатыстым. Ауырып қалдым. Ауруханадан қашып шықтым. Нинель жеңгең ойбайын салып қалды. Шамасы ауруым серьезный-ау. Келмеске болмады, театрдың облыстағы гастролі. Соны ашып, жөнге салып барып емделмесем.

- Келер жылы жетпіс. Емделіп алу-жөн шығар. «Ремонт» керек қой, нағашы. Шалдықты мойындағыңыз келмейді, ә?

- Емделмесем болмайды екен.

- Емделіңіз.

... Соңғы кездесуіміз. Соңғы сұхбатымыз осы.

Бір күн, әлде екі күн өтті ме, інісі Кәрімбектен "Көкем реанимацияға түсіп қалды"- деген суыт хабар естідім.

Жамандық ойламайсың. Сонда да жедел бардық. Білдік. Дәрігерлермен сөйлестік. Жағдайы ауыр екен. Танауында тыныс трубкасы. Ессіз, түссіз. Алматыдан Нинель жеңгей, Азат, Жәннет келді.

Қоңыр күз. Досы-Намық Кемал Зейбек Түркістанда еді. Хабарладым. Абзал адам, шынайы азамат жедел жетті. Далада жаңбыр сіркіреп тұр. Намық Кемал Зейбек екеуіміз ішке кірдік. Досының қолын сүйіп амандасты. Бірақ, оны Рекең білген жоқ. Бәлкім сезген болуы...

- Түркияға алып кете аламыз ба?

- Жоқ. Түркие түгілі Шымкентке апаруға жарамайды-деп отыр дәрігерлер.

- Күллі түрік дүниесіне керек адам еді-деді Намық Кемал Зейбек ауыр күрсініп.

Рекеңді ең соңғы көруіміз...

Түркістанға Әбіш Кекілбайұлы, Қадыр Мырзәлі, Фариза Оңғарсынқызы, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов, Әшірбек Сығай Райымбек Сейтметовтің шақырумен келетін. Райымбек досы үшін келетіндей көрінетін олар.

Түркістанды Райымбек Сейтметовтей сүйген кісі болған жоқ шығар деп ойлаймын кейде. Райымбек Сейтметовсыз Түркістан қаңырап босап қалғандай көрінеді кейде.

Қайран қазақтың өренжүйрік өнерпазы!

Сен жоқ болғаныңмен Түркістанда ізің сайрап жатыр. Іздің үлкені-өзіңіз ірге тасын қалаған театрыңыз шығар! Теріңіз сіңген театр, міне, атыңызды алды. Енді "Актерлер үйіндегі" пәтеріңіз – иісіңіз сіңген, тәніңіз ақтық сапарға шыққан жер ретінде музейіңізге айналар!..

Елміз ғой.

Ел мәдениетсіз бола ма?

P.S. *Атақты өнерпаздың 70 жылдық мерейтойы республикада аталмай қалды. Өзі жоқтың – көзі жоқ...*

Қаланың пысық жігіттері Райымбек Түркістанидың басын көтерген болды.

...Түркістани ескерткішіне жасқана көз тастаймын. Сахналық форма шешімін тапқан. Тек өнерпаздың өз мүсінін қажет етеді екен. Дұрыс-ау. Егер де жылға жетпей кесенесінен су өтіп, ескерткішінің жұлым-жұлымы шықпаса. Ильһам есімді сәулетші жүзіне сұраулы кейіппен қараймын. «Ескерткіш аяқталған жоқ, - дейді ол. - Ортада жүрген жігіттер 350 мың теңгемізді бермей кетті. Ол суағардың ақшасы еді. Суағар жасалмаған соң су ескерткішке сіңіп тоздырып тұр...». Мен жағамды ұстаймын.

25.05.2017 ж.

Түркістан қаласы

Данагүл ТЕМІРСҰЛТАНОВА:

«ӨМІРДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН МАҚТАНЫШЫ БАЛАЛАРЫ БОЛАТЫН»



Данагүл ТЕМІРСҰЛТАНОВА – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі «Тамаша» ойын-сауық отауымен көпшілікке танымал театр және кино актрисасы. Райымбек Сейтметовтің ұлы, былтыр ғана Пусонда өткен «Seoul International Drama Awards» халықаралық кинофистивалінің «Ең үздік ер адам рөлі» номинациясын жеңіп алған Азат Сейтметовтің жұбайы. Кезінде Р.Сейтметовтің өзі дүркіреткен қазақ өнерінің қара шаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрының белді актрисасы бүгін өзінің қайынатасы жайында өз естелігімен бөліспек.

ДАҢҚТЫ РЕЖИССЕРДІҢ КЕЛІНІ БОЛАМ ДЕГЕН ОЙ ҮШ ҰЙЫҚТАСАМ ДА ТҮСІМЕ КІРМЕПТІ

Данагүл ханым, әңгімемізді Райымбек Рейтметовпен алғашқы жүздесуіңізден бастасақ...

Атамды бала кезден жақсы білемін. Кейін студент кезімде ол кісі қойған спектакльдердің тұрақты көрермені де болдым. Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрындағы «Ақан сері-Ақтоқтыны» Райхан Қалиолдинаны көру үшін бес-алты рет қатарынан үзбей барып көрдім десем өтірік емес. «Сталинге хат», «Қызыл жебе», т.б. көптеген қойылымдары атамызды да, театрды да әйгілі етті. 80-жылдардың басынан 90-жылдарға дейінгі уақыт театрдың биік деңгейге жеткен кезі болатын. Сөздің шыны керек, театр өнерін сондай деңгейге жеткізген даңқты режиссердің келіні болам деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. Әуелде мәтрларымыз ғой деп Әзірбайжан Мәмбетовке, осы атамызға сәлемдесіп өте шығатынбыз. Ал, Азатпен үйленеміз деп шешім қабылдаған шағымызда ата-анасымен танысуға бардым. Есікті енем ашты, екеуі де күлімсіреп, жайдары көңіл-күймен қарсы алды. Ішке қарай ене бергенімде атам: «Айналайын, амансың ба? Қош келдің!»-деді. Сол сәттің өзі күні кеше ғана болған сияқты әлі күнге көз алдымда. Енем тамақ дастарқан жаюға кірісіп кетті, Азат өзінің шаруаларымен басқа бөлмеге басын бұрды, атамыз екеуміз үлкен залда ұзақ әңгімелестік. Кәдімгі бұрыннан етене таныс адамдар секілді емен-жарқын әңгіме айтып, тез тіл табысып кеттік. Театр жайлы, өнер төңірегінде әңгіме-дүкен құрдық, дастарқан басында да емін-еркін ашылып сөйлестік. Мен өзімді бірден сол үйдің мүшесі секілді сезіндім. Мен үшін қол жете бермейтін заңғар тұлғаның өзі де, жұбайы, яғни, мамамыз да, туған-туыстары да қарапайым болып шықты. Кейде Азаттың тез тіл табысып, отбасымен лезде араласып кетуім өнердің құдіретінен бе екен деп те ойлаймын.

Ол кезде неше жаста едіңіз?

Жиырма бес жастан асқан шағым болатын, негізі жиырма алты жасымда келін болып түстім. Өзімнің әкем мен 10 класс оқып жүргенде қайтыс болды да, Азатқа тұрмысқа шыққасын әкесін бірден «Папа» деп атап кеттім. Үнемі «Айналайын» деп отыратын. Енеміз де ашық, сынап-мінеуден аулақ жан. Мамандығы – дәрігер, білімі қандай терең болса да ғылым жолына түспей, тұтас өмірін әкемізге сарп еткен ардақты ана, аяулы жар. Дарынды азаматтардың

әйелі қандай болуы керектігін мен сол кісінің бойынан бірден байқадым. Біз де шама келгенше ата-анамызға қызмет еттік. Көрген тәрбием және ата-енемнің жатсынбай бауырына бірден басқанынан болар, үйдің тірлігінен шаршаған кезім де болған емес. Ал, атамыз қанша жерден көңіл-күйі түскен болса да үй-ішіне жымын білдірмейтін. Сөйлемеуі мүмкін, бірақ, «Таз ашуын тырнадан алады» деуші ме еді, ондай болған емес. Біз екі жылдай ата-енемнің қолында тұрдық, бір рет болса да біреуді жамандағанын естіген де, көрген де емеспін. Өзіне қатысы жоқ дүниеден бойын аулақ салатын.

Келіні атанғаннан кейінгі өнеріңізге көзқарасы қалай болды? Ақыл-кеңесін айтушы ма еді?

Белгілі режиссер Абай Қарпықов түсірген «Саранча» сериалы есіңде болар, соған түсуге Азат екеумізді шақырғанда ата-анамыз сондай қуанды. Әсіресе, әкеміз бизнеспен айналысам, бала-шағаны асыраймын деп он жылдай өнерден қол үзген Азат үшін қатты қуанып, бірден батасын берді. Бірақ, Азат басында бармаймын деп біраз жүрді. Кейін жабылып жүріп көндірдік, әйтеуір. Жабылып дейтін себебім, менің де анам оған кеңесін айтты. Ол кісі сол баяғы екеуі бірге жүрсін дейді ғой (күлді). Сөйтіп, не керек, бұл жаңалығымызды Түркістанға барып айтқанымызда ата-енеміз туған туыстарды шақырып, дастарқан жайды. (1995-96-жылдары Райымбек Сейтметов Түркістанға театр ашу үшін көшкен болатын – Ред.). Сол кезде «Міне, менің Азатым, міне, менің Даночка қызым» деп ағайынның алдында бір марқайып қалған еді. Мен ата-ананың баласының кішігірім болса да жетістігі үшін шын қуанған сәтінің қандай болатынын сонда көрдім. Оған бұл дүниеде ештеңені де теңестіре алмайды екенсің. 2000 жылдардан кейін Алматыға жиі келіп жүрді, Қайсар туылғасын тіпті жиі келетін. Оның тұсауын өзі кесіп, келген сайын уақытын немересіне арнайтын. «Мен беретінімді бердім, әлі берерім мол. Сендер болдым, толдым дегенді айтпаңдар!» дегендей өнерде ізденістің өте қажет екенін ұғындырып отыратын. Өзімізге қатысы жоқ ұсақ-түйек дүниелерге араласудан аулақ болыңдар дейтін.


ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫНЫҢ АШЫЛУЫНА ЕЛБАСЫ ҚАТЫСҚАНДА ҚАТТЫ ҚУАНҒАН ЕДІ

Түркістаннан театр ашқандағы көңіл-күйі қандай еді?

Рас, театр ашу, театр ісін жүргізу оңай шаруа емес. Сахна өнерін еліміздің рухани астанасында дамытуды қолға алғанда бір жағы қобалжып әрі қуанғаны әлі күнге дейін көз алдымызда. Әсіресе, ашылу салтанатына елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев келеді дегенде төбесі көкке екі елі жетпей қалды. Тіпті, он бес минуттан артық отырмайды деген президентіміз «Көк түріктер» спектаклін соңына дейін тапжылмай көріп тамашалағанын айтып мақтанғандағы әкеміздің қуанғанын көрсеңіз. Оны енді сөзбен айтып жеткізу қиын секілді. Сондай-ақ, Елбасымен түскен суреті әкеміздің Алматыдағы үйінде тұр.

Еңбегі толық еленді деп есептейсіз бе?

Енді ол жөнінде айтар болсам, ең бастысы, осы өзі құрған театрға есімі беріліп жатқанына өте қатты қуандық. Бұл жөнінде бұрын ұсынысымызды мәдениет министрі болып тұрған кезінде Мұхтар Құл-Мұхаммедке жеткізгенімізде ол бірден мақұлдап, енді іске кірісе бергенде қызметі ауысып кетіп, кейінге қалған болатын. Сөйтіп, уақыттың қалай өткенін де байқамай қалыппыз. Содан бері он жылға жуық уақыт артта қалыпты. Мінеки, өнерді түсінетін азаматтар өңірдің билігін қолға алғанда арманымыз орындалып жатыр. Жансейіт Түймебаев мырзаға отбасымызбен дән ризамыз. Иманғали Тасмағамбетов те Алматының әкімі болып тұрғанда көшелерге көптеген өнер тарландарының есімдері беріліп, тізімде әкеміздің де аты болды. Кейін көп уақыт өтпей-ақ, «Қалқаман»



Мақпал - Сәбира Майқанова,
Қозы - Райымбек Сейтметов

шағын ауданы жақтан әкеміздің есімімен аталатын көше пайда болды. Бір жағы өзіміз де енді-енді іске кірісеміз деп жүргенде біз үшін тосын сый болды десем де артық айтқаным емес. Жоғарыда әкемнен мектеп бітірер шақта айырылып қалғанымды айттым ғой. Алғаш танысқаннан-ақ жарқын көңілмен қарсы алған атамды әкемдей көрдім. Ол кісі туралы қай кезде болмасын қуанып әрі көзіме жас алып сыр ақтарамын. Біздің ғана емес, халқының қимас дарынды азаматы еді. Дүниеден өткенінде көзкөрген өнер тарландары «Ушел последний режиссер лирик» десіп жатты. Өзі қатты жақсы көрген немересі Қайсар небары үш жаста болатын. Қазір біз Қайсарға атасы туралы жиі айтып тұрамыз, ол кісінің өмірдегі әрі өнердегі тұлғалық келбетін санасына құйып отырамыз. Ертең атасымен мақтанып отырса дейміз...

Әсерлі әңгімеңізге көп рахмет! Райымбек атамыздың ұрпақтары жасай берсін!

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ,
Алматы қаласы

ТЕАТР ТАРЛАНБОЗЫ

Түркістан театры. Бұл менің жиі бас сұғатын киелі мекенім. Бір түрлі жылы, жаныма жақын, ыстық ұя. Әнебір жылдары мұнда, қойылым басталар алдында есік алдынан жылы жымиып Райымбек ағаның өзі қарсы алып тұратын. Көрермен де, біз де қаумалай жиыла қалатынбыз. Жеңіл әзіл-қалжынымен желпінте күлдіріп алатын да, білек тұсын жұмсақ түріп, «оу, әлі уақыт бар екен ғой» деп төбеге, екінші қабатқа бастайтын. Сыртынан байқаймыз, шалбарының қыры сынбаған, үсті мұнтаздай тап-таза, туфлиі дүкен сөресінен жаңа шыққандай жалтырап, тектіліктің төрелігін сездіріп тұратын.

Кішкене кабинеті қонақжай. Үстел үсті тәттіқұттыдан, шайдан босаған емес. Хатшысы Света құйып берген шыныаяқ шайды жіңішке саусақтарымен көтере сорап-тай отырып, Әшағаңмен, Асанәлі ағалармен өткізген аяулы күндерін ерекше ықыласпен еске ала әңгіме тиегін ағытатын. «Оу, – дейтінмін сонда іштей, – өнердегі қос ағамыз да ортамызда жүр ғой, неге соншалықты жабырқап, сағына берер екен?». Қазір ойлап отырсам, Алматыдағы өнер ортасынан, ағаларынан алшақ, біртүрлі жалғызсырайды екен ғой... Қазір мен де, дәл солай, Райымбек ағаны сағына жалғызсырайтын сияқтымын...

Райымбек Сейтметтің осында, өзі туып-өскен мекенге келіп, тақыр жерден қалай театр ашқаны, оған лайықты әртістерді қалай әзірлегені, театр репертуарын қалай қылыптастырғаны туралы баспасөз бетінде талай жазылып, талай тақырыпқа өзек болғаны елдің есінде. Бұл жөнінде Шерхан Мұртазаның: «Алматының екі бірдей театрын басқарған Райымбектің Түркістанға кеткені бәрімізге жұмбақ болды. Сөйтсек, Райымбек, Юлий Цезарша «Қазақстанның театр әлеміне жаңа, өзгеше театр қосу үшін» кетіпті» десе, Рахманқұл Бердібай: «Түркістан қаласында театрдың ашылуы Тұран жерінде имандылық пен қазақтың ұлтжандылығы, таза пейілі сақталғаны деп есептеймін», Хадиша Бөкееваның: «Райымбекжан, Түркістанда текке жүрмеген екенсің. Мынадай талантты балаларды тәрбиелепсің, тамаша театр құрыпсың» деп толғаған пікірлерінен асқан баға бола қоймас. Ол жайын қозғамай, қасында көбірек жүргендіктен, Рекеңдей аяулы азаматтың адами болмысын, қарапайым қасиеттерін көбірек айтсам ба деймін.

Әнебір жылдары, Кентау қаласы қиын кезеңдерді бастан кешкен жылдары, не жарық жоқ, не жылу жоқ, жалақы да уақтылы берілмейтін, Райымбек аға екеуміз Түркістанға күнделікті қатынап жұмыс істедік. Астында жасыл «Кіа», жолдан мені мінгізіп алатын. Рөлді саусақ ұшымен жетелей отырып сырғитып, бірақ жылдамдықты 70-тен асырмайтын. «Бұл әңгіме айтуға ыңғайлы жылдамдық» деп жұбатып алатын, сәл сағатыма қарағыштай бастасам. Астымыздағы көлік те рөлде халық әртісінің отырғанын «сезе» ме, кедір-бұдырында елең қылмай, жұмсақ тербеле жылжитын. Сондағы көп айтаныны – өзі ашқан театр жайы. «Мұндағы репертуарды жергілікті халықтың ыңғайына лайықтамасаң қабылдауы қиын, – дейтін сонда күрсіне. – Комедияға көбірек барып жүргенім де сол. Сөйтсе де, классика керек-ақ. Онсыз театр – театр емес. Дәл қазір Б.Вахапзаденің «Көк түріктерін», С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншегін» түрік тілінде сахналап жатырмыз. Мына шәкірттерімнің осындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде түрік тілінде білім алғаны – менің бақытым. Бағлан, Айдар, Мұрат, Ержан Исатаев, Ержан Нұрымбетов, Марат, Мақсат, барлығы талантты балдар. Кексе әртістерден еш кемдігі жоқ. Егер сәтті шықса, гастрольдік сапармен Түркияға барып қайту ойда бар». Расында да, тәуелсіздігімізді алып, ел іргесі енді беки бастаған қиын-қыстау жылдары Рекеңнің өзі бас болып Түркістандағы Ясауи университетінен «Өнер» факультетін ашып, жергілікті жастарды өнерге баулып, актерлік шеберліктің қыр-сырын үйретіп, өнердің қызу қайнаған ордасы Алматыдан алшақ жатқан Түркістанда театр мектебін қалыптастыруы үлкен ерлік болатын. Жылуы жоқ, жарығы көп сөнетін суық үйде тұрып өзінің қайсар



мінезінің, еңбекқорлығының, өнерге деген адалдығының және та¬бандылығының арқасында сахнагердің ақжолтай арманы орындалып, түркі дүниесінің тұмарындай Түркістан театры қалыптасты. Арманы орындалып, Түркияға барып қайтты. Анадолының Анкара, Сивас, Кайсери, Қырыққәле, Кония, Нидде, Маталия, Ерзум, Герсун, Анталия, Спарта сияқты ірі қалаларының театрқұмар көрермендерімен қатар Кипр жұрты да Райымбек театрына қошеметпен қол соқты. Сол жылдары баспасөзде жазылғанындай, театрдың Түркиядағы гастролі шын мәнінде қазақ өнері үшін үлкен сенсация болған еді. Елбасымыз Н.Назарбаев та 2001 жылы Түркістан театрында болып, аталған қойылым¬дарды тамашалап, «Райымбек Ноғайбай¬ұлы негізін қалаған Түркістан театрының болашағы зор деп сенемін» деген бағасын берген болатын.

– Райымбек ағамен бірге Кентауда суық пәтерде тұрған сәттерім әлі естен кетпейді, – дейді шәкірттерінің бірі, бүгінде Райымбек ағаның өзі негізін қалаған Түркістан сазды-драма театрының директоры Ержан Исатаев. – Ол кісі театр, шәкірт тәрбиелеу жайын көбірек ойлайтын да, мен ас-суын әзірлеп, барлық жағдайын жасайтынмын. Сонда театр ашуға бағытталған ниет жүректерге жылу беріп, пәтердегі суықты елемеуге себі тиетін.

Сөз жоқ, Ресейдегі сахна саңлақтары Л.Варпаховский мен А.Гончаровтың мектептерінен дәріс алған Райымбек-

тей дара тұлғаның Түркістанға келуі, бұл жерден театр ашуы – ер Түріктің бесігінде тербеліп жатқан жастарымыздың бақыты. Егер біз көне Йасы жеріндегі университетті ұлы Тұран ұрпақтарының ортақ оқу орнына айналдыруды мақсат етсек, сол қасиетті өңірді театрсыз көзге елестету мүмкін емес еді.

– Базбіреулер сананы тұрмыс билеген мынадай қылт етпе кезеңде бізге ойын-сауық іздейтіндей театрдың қаншалықты қажеті бар деп талай айтты маған, – дейтін Райымбек аға өз сөзінде. – Ойлап қарашы, театр – жан-сезімнің жаңғырығы емес пе? Күнделікті күйбең тірліктен шаршап келгенде, қайда барып демалмақсыз? Кіммен сырласпақсыз? Жан дүниеңізді кіммен бөліспексіз? Айналаңыз базарға асығулы. Үйдегілер сізді түсіне бермейді. Сөз жоқ, театрға келесіз. Шер тарқатасыз. Жан дүниеңізге жалау болар жұбаныш іздейсіз. Яғни сол театр арқылы өзіңіздің де жұмыр басты пенде екеніңізді, қоғамға қажет екеніңізді сезінесіз.

Рас-ау! Қазір Түркістан театры тек қойылым көрсететін жер ғана емес, түркі тілдес елдердің халықаралық жиындары мен мерекелері өтетін рухани орталыққа, қасиетті Түркістан жеріне рухани жаңа леп ала келген мәдениет мәйегіне айналды.

Бар ниетімен Түркістан топырағына театр әкелуді мақсат еткен өнер тарланының заманға байланып қалмай, келешекке үмітпен қарауы соңынан ерген шәкірттеріне қайсар рух, замани шабыт берді. Әйтпесе, «әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек» деп данышпан Абай айтқандай, заман адамға ырқын билетуші ме еді? Оңтайына оралса, адамды да, халықты да қамырша илемек. Жан-жағына ой көзімен байырқай қарап, адамдар жан дүниесіне үңіліп көрші. Не сездің? Халық рухы ұйқылы-ояу қалпына қайта түспеп пе? Рухы иленбеп пе? Ендеше сол сананы сілкінтер бір сәуле Түркістанда әлі де себезгілейді. Ол – Райымбек театры.


Сол жылдары жас жігіттей сұлу көрінетін Райымбектің мандайынан шуақ төгіліп тұратын. Жағымпаздық пен тоғышарлықтан ада, дүниені сол жас қалпында қабылдайтын азаматтың шығармашылық әлемі де солай, жап-жас қалпында. Талай өнер адамдарымен сұхбаттасуыма куә болған қуатты қалам мені Рекеңмен тез қауыштырып, лезде сырластырып жіберді. Әңгімелесудегі мәнер-машығы да, ой түюі де, таптаурын тақырыптың өзін ширықтырып, тосын ойларға жетелеуі де оны жақындата түсті.

– Бала күнімде Йасауи күмбезінің маңында, ескі қорған-төбелерде көп ойнаушы едік. Сонда біз осынау ескерткіштің құпияға толы қабырғаларына таңдана да тамсана қарайтынбыз. Қазір қасиетті өнер туралы ойлансам, көз алдыма сол сұлулық ескерткіші – көк күмбез келеді. Мені өнерге, өмірге ғашық еткен сол болу керек. Толыса келе түйгенім: осындай дәрежеге жеткізген, өнеріме бақ берген, қайда жүрсем де желеп-жебеп жүрген ұлы бабамыз Қожа Ахметтің аруағы екен ғой. Мектеп бітірдім. Консерваторияда оқыдым. Қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында актерліктің қыр-сырын меңгердім. Мәскеудегі жоғары режиссерлік курсты бітіріп шықтым. Ең алғашқы қойылымым башқұрт драматургі Азат Абдуллиннің «Ұмытпа мені, күнім» атты поэтикалық драмасы болды. Содан кейінгі жылдары Әуезов театрында, жастар театрында, облыстық театрларда, студенттер сахналарында алпысқа жуық спектакльдерді қойыппын.

Райымбек үшін театрдың жаңа бір әсем де күрделі жанры – поэзия театрын құру да аз еңбек болған жоқ. Абайдың, Махамбеттің өлеңдеріне жасалған спектакльдер, жастарға арналып қойылған поэзия жанрындағы қойылымдар – М.Шахановтың «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», Қ.Мырза-Әлінің «Данышпаны», М.Мақатаевтың «Дариға жүрегі», Ф. Оңғарсынованың «Бақыт пен мұңы», Т.Бердияровтың «Оқ пен гүлі» – сол еңбектің жемісі.

* Ойтұмар

Райымбек Сейтметовтың қойын дәптерінен



«Актер мамандығы аса қиын мамандықтардың бірі. Оның қиындығы сан қырлылығында, күрделілігінде. Актер, «Маған мынау роль ұнап тұр, осыны мен ойнайыншы» - деп айта алмайды. Режиссер қандай жұмыс ұсынады, ол соған тәуелді. Актерлер өмірінде түрлі рольдер келіп-кетіп жатады. Неге? Демек, актер кәсибилік жағынан адамзат психологиясын дәп басуға әлі дәяр емес деген сөз. Әлгі оң жамбасқа келмеген роль – актердің пайым-парасатынан биік тұрған аса күрделі тұлға деген сөз. Актер қанша бұлқынса да, жұлқынса да, рольдің ішкі жан-дүниесін қопара алмады деген сөз. Бұдан келіп, өмірді езіле зерттеп, адамзат мінез-құлықтарына үңіле зер салулары шебер болуы үшін көп білуі керек, актердің нағыз керек. Актер кинода болсын, спектакльде болсын, сан тағдырлы, қиыл мінезді түрлі мамандық иелерінің хал-ахуалын көрсетеді емес пе? Әсіресе, бүгінгі құбылмалы заманда актер жүгі ауырлап, бұрынғыдан да салмақтана түсті.

Себеп? Өйткені, уақыттың ырғағы, заманалабы өзгерді. Қоғамдық құбылыстарға сай, адамзат мінез-құлқы, олардың қимыл қозғалыстары, ойлау жүйелері, өмірге деген көзқарастары күрт өзгеруде. Бүгінгі актерлер әмбебап, білгіш, көргіш, жоғары мәдениетті, өзін әбден меңгерген сауатты да еңбекқор болулары шарт. Осы бір қасиеттердің үстіне актердің таланты көп қосылғанда, онда оның ұлы болмауға қақысы да жоқ. Ал әлгі көп қасиеттердің бойында бірі болмай, сахнагер тек табиғат берген талантына ғана сенсе, соны ғана ермек етсе – онда ол ұзаққа бармайды. Тауысылады. Тозады».

«Бүгінгі театрдың ортақ кемшілігі – драматургия олқылығы. Авторлардың тақырып таңдауы, оны сахнаға тән ете талдауы профессионалдық дәрежеге жетіп жығыла бермейді. Олар, көбіне, ұсақ-түйектің айналасынан ұзап шыға алмайды. Терендік жетіспейді. Драматург ағайындар көп оқыса екен, театрларға көбірек келсе екен. Өзінің шығармаларынан басқаға көз салмау олардың дертіне айналып бара жатқандай. Драматургия алаңына бел шешіп келсе екен. Әйтпесе өзінің бір кезде жазған прозаларын қалай болса солай пьесаға асығыс айналдырып, театрға келіп, біраз базарлай жүріп, болса болып, болмаса өз ауылына қайтып кететінбақалшылар тәрізді болмаса екен деймін».

«Қазір психологиялық театрдың заманы қайта келді. Сахнадағы әрбір қадам, әрбір сөз – ол ішкі жан-дүниенің көрінісі. Ол тіршілік логикасынан туындауы тиіс. Жарк-жұрқ, сарт-сұрт , тарс-тұрс, айғай-шудың заманы өткен. Режиссердің міндеті - терең ойлы, мәдениетті, көркем спектакльдер қою».

***

«Артист болу, әрине, оңай ермек емес. Ол - тағдыр тартуы. Оған қалай дауындалуға болады? Проблема осында. Оның өзіндік оқу бағдарламасы бар, сонымен танысу керек. Ең бастысы, өнерге деген көзсіз қабілеттің болуы қажет. Тек «жақсы көрем» деген сырдақ сезіммен аталған кәсіптің табиғатын тану – қиынның қиыны. Дарын, Шабыт, Еңбекқорлық болмаса – бәрі бекер».

***

«Біздің әдебиетіміз бен өнер, театр – рухани әріс мекені, тіл шеберханасы. Театр, ең алдымен, тіл өнері шеберханасы, тіл ұстартатын, тілді жұртқа дарытатын орын».

Шәкірт демекші, бүгінде өнер өлкесінде өріс жайып жүрген әртістердің басым бөлігі осы Райымбек шәкірттері. Алғашқы кездері жаңадан ашылған оқу ордасының табалдырығын имене аттаған балаң шәкірттер қазір сахна машығының қыр-сырын меңгеріп, шеберліктерін ұштаған тәжірибелі актерлерге айналған.

– Көп жағдайда классика таңдаймыз деп, батысқа еліктегіш болып алғанымыз жасырын емес, – дейді тағы бірде Рекең. – Ал сол әлемдік шедеврлермен тең қоя алар төлтумаларымыздың бар екенін естен шығарып жатамыз. Олар ешбір классикаңыздан кем емес. Тек соларды жіліктеп-жіктеп берер оқу құралдары жоқ.

Қай халықтың классикалық шығармаларын сахналасақ та, оған ұлттық бояу енгізіп отыру керек. Әрбір шығармадан қазақы мінез байқалып тұрсын. Ұлттық психологиялық процесс, характер көрініп жатсын. Райымбек пікірі осы.

– Өз ұлтының психологиясын меңгерген студент өзге ұлттікін тез қабылдай қояды, – дейтін Сейтметов. – Бәріміз де жылаймыз, бәріміз де күлеміз. Ал оны сахнада қалай жеткіземіз? Көрермен жүрегіне қалай жол табамыз? Ол – басқа әңгіме. Театрға өнерге құштар жастар көп келеді. Бірақ әрқайсысының бойында өзіне ғана тән құпия бір даралық жүреді. Оны ол байқай бермеуі де мүмкін. Тек сырттай лапылдап тұрған арзан өнеріне малданып, әлдебіреудің «сен әртіс боласың» деген қыздырма сөзіне еріп келе салатындары көп-ақ. Керісінше, ішкі жан дүниесін ақтара салмайтын, әйтсе де өнерге өлердей құштар жастар да кездеседі. Ондайлардан жетектеп, баулыса тәп-тәуір сахнагерлер шығады. Осыған қарап, біз өзімізді кейде адам жан дүниесіне үңілген психологтарға да теңейміз.

Райымбекті ұзақ тыңдайтынмын. Оны қиялшыл деп айта алмайсың. Сейтметов Түркістанда өнер ордасын ашамын деп Алматыдан ат арыта келгенде, жұрт бос қиял деп күлген. Қазір солар театр төрінде отырып, Райымбек шәкірттерінің өнеріне тамсана қол соғуда. Бар-жоғы 20 жылға жуық уақыт бедерінде көптеген классикалық шығармалар сахналанып, көрермен қошеметін алды. «Ең әдемі келіншек» түркі тіліне аударылып («Ен гөзал гелин»), қазақ пьесасы тұңғыш рет түркі тілінде қойылды. Осының барлығы бос қиял ма?

Райымбек ағаны Әшірбек Сығай өте жақсы көретін. Екеуі бас қоса қалса, күнұзақ әңгімелері таусылмайтын. Сондағы айтатындары – театр жайы, өнер мәселесі. Жуырда менің қолыма осы журналдың бас редакторы Гүлжаз шәкіртімнен Райымбек ағаның өз қолымен жазылған бір хат келіп түсті. Хат Әшірбек Сығайға бағышталып жазылған екен.

«Айналайын Әшірбек інім! – деп басталыпты хат. – Сәлемет пе? Өзің, ата-анаң, мектептес достарың, ұстаздарың аманшылықта ма? Сәлем айтарсың. Біріншіден, ғафу өтінемін, інішегім. Бірден жауап жазуға уақыт тапшылау болып, ішінәра бір кезекті сьемка қолбайлау болып дегендей, ең бастысы, М.Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» деп аталатын трагедиясын сахнаға шығару тауқыметімен әуреленіп жатырмыз. Оны «жандандырып» жатқан талантты режиссер – Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетов. Оған театрымыздың бас артистері, бар артистері, өнер ардагерлері тегіс қатысады. С.Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ.Бадыров, Ы.Ноғайбаев, Ш.Мусин, М.Сүртібаев, С.Майқанова, Х.Бөкеева, Б.Римова, Ш.Жандарбекова сынды апа-ағаларымыз өнер толғайды. Осы жолы жастарға, ягни біздерге де зор үміт артылып отыр. Ф.Шәріпова, Н.Мышбаева, Р.Әуезбаева, Т.Тасыбекова, С.Оразбаевтармен бірге мен де бас рольдердің бірінде көрінбекпін. Ол – Әбіштің ролі. «Абай жолы» романын оқыған боларсың. Оқымасаң, тез оқып шық. Түсініп оқы. Түйсініп оқы. Сыдыртып шықпай, ойлана, мазмұнына ене оқы. Хатыңа қарағанда өзіңді зерек пе деп қалдым. Тоғаныстарыңды қағазға жақсы түсіріпсің. Өнерге деген көңіл (әсіресе, ауылдық жерлерде) пәлендей емес. Әйтсе де, мен де сол ауылдан шықтым. Менің әріптестерімнің көбі... Асанәлі де, Сәбит те, Матан да... тағы басқалар да... Тілің, түсінігің жақсы екен. Жазуға деген қабілетіңді де құптаймын. Оны тастама. Өнер мен әдебиет егіз. Мырғалымсай мектебінде (кейіннен Кентау) жүргенде мен де әдеби үйірмелерге белсене қатысқанмын. Өлең жазуға да, талаптанғанмын. Ол жас кезіңде міндетті түрде басыңнан өтуге тиіс жағдайлар. Ал, өнер табиғаты тегінде аса нәзік құбылыс. Ол еліктіргіш, еліттіргіш. Үстірттікті жақтырмайды. Өнерге оңай деп талаптанба, қиын деп талаптан. Құр сырттай құмартушылық алысқа апармайды. Әсіре қызыл, әлем-жәлем жеңілтек ойлармен өнер дүниесіне кірігу екіталай нәрсе. Өнер жайлы әдебиеттерге зер сал. Олар сирек, әрине. Дегенмен, газет-журналдарға шыққан өнер мақалаларын назарыңда ұста. Айтпақшы, Шымкент облыстық қазақ драма театры Кентау, Түркістан төңірегінде ойындар қойып, жиірек жүретін біздің кезімізде. Қазір қалай? Соны тамашалап, мүмкіндік болса, қойған спектакльдерін құр жібермеуге тырысқаның жөн. Онда да елге еңбектері сіңген Ж. Тұрсынов, Ж. Серікбаева, А. Абдуллина, Р. Байкенов, О. Жұмабеков, Ә.Ордабаев секілді өнер шеберлері баршылық. Біздің театрдың дәл қазір ол жаққа жолы түспей тұр.

Ал, енді өнер оқуы жайында. Біз, бір топ жастар, Құрманғазы атындағы консерваторияның театр бөлімін осыдан екі-үш жыл бұрын ғана бітіріп шықтық. Түгелдей, дерлік, Алматыдағы қазақ театрына қызметке қалдық. Сол актерлік бөлімінің бірінші түлектері болғанымызды мақтаныш етеміз, әрине. Енді ол оқу орны жыл сайын талантты жастарды тұрақты түрде оқуға қабылдап тұрмақ. Егер сахна өнерін шын сүйсең, сонда түсіп, оқып қалуға ұмтыл. Түсу шарттары мынадай: 1. Қара сөз оқу (проза). Мәнерлеп, мазмұнды түрде, артистік қабілетпен, әрине. Оны кезінде көрерміз, даярлық үстінде әлі-ақ түсініп аларсың; 2. Өлең сөз оқу. (поэзия). Тақпақтамай, тарсылдатпай, ойыңды ұғынықты мақамда жеткізу; 3. Әзіл-сықақ (күлдіргі оқиға). Жеңіл түрде, юморлық көңілкүйде дегендей... Сосын, дүниетанымыңды байыта түс. Айналаңда болып жатқан түрлі жағдайларға деген өз көзқарасыңды пысықтағайсың. Орта мектепті бітіруіңе әлі екі-үш жыл бар екен. Түбі – жолығармыз. Өйткені, Кентаудың орталығында соғыс ардагері Мәрайым деген туған ағам тұрады. Шахтер, Шешем сол кісінің қолында. Биылғы жазғы демалыста екі-үш күнге Кентауға соғып, анамның, ағамның халдерін біліп кеттім. Енді, бұйыртса, келесі жазда жол түсер. Сол кезде кездесуіміз әбден мүмкін. Әзірге осы бар айтарым, інім Әшірбек. Алғашқы таныстығымыз (хат арқылы болса-дағы) сәтті болды-ау деп ойлаймын. Менің өзім де тәжірибе арттыру жағынан жастаумын. Сонда да болса, меселіңді қайтармау үшін осы жауапты жазып отырмын. Кездескен сәттегі әңгіме бұдан да кеңірек һәм тереңірек болары сөзсіз.

Өнерге деген әуестігің күшейе түссін деген ізгі тілекпен – Алматы академиялық қазақ драма театрының артисі, жерлес ағаң Райымбек Сейтметов.

11 қараша, 1962 жыл».

Кейін Әшірбек Сығай да өз кітаптарының бірінде «Иә, ағам Райымбек Ноғайбайұлы Сейтметов жазған алғашқы хат менің тағдырыма үлкен өзгерістер әкелген еді. Болашағымды айқындап, тағдырымды таңдап алуға даңғыл жол ашқан еді» деп жазды.

Райымбек Сейтметовтің өнердегі жолы өнегебітімімен баршаға аян. Бүгінде өнер тарланбозы өнерқұмар жастарға үлгі болар алып бәйтерекке айналды. Ішкі мәдениеті мен кәсіби даярлығы қатар жетілген сахна шеберінің көзі тірісінде жеткен асуы бүгінгі ұрпаққа талғампаз пайыммен көрінері ақиқат. Басқасын айтпағанның өзінде, бұған оның өмірі мен өнері үлкен тәрбиелік мектеп бола алатыны даусыз. Қашанда ұстамды, сырбаз, сыпайы, дүниетанымға жүйрік, оқығаны мен тоқығаны мол, көңілі келіп, сөйлеп кетсе, білетіні көл-көсір Райымбек Сейтметов бейнесі біздің жадымызда, міне, осылай сақталып қалған еді. Қалған әңгіме ендігі тұста жуырда ғана Рекеңнің атын алған Түркістан театрында!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері.

РАЙЫМБЕК РЕЖИССУРАСЫ

Күллі өнер атаулыға ортақ қажеттілік - табиғи шынайылық пен оған деген адалдық. Осы киелі қос қасиет бойына дарып, тума таланты мойындалып, халықтың жүрегіне жол тапқан ақиық актер, талантты режиссер Райымбек Сейтмет.

1955 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «актерлік» бөлімін тәмамдаған Райымбек 1960 жылы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына қабылданды. Қара шаңырақта жүрген жас өнерпаз біраз рөлдерді сахнаға сәтімен шағарады. Мысалы: Н.Гогольдің «Үйленуіндегі» Кочкарев; Ә.Тәжібаевтың «Майрасындағы» Адвокат, Қ.Мұхаммеджановтың «Бөлтірік бөрік астындағы» Сұңғат; «Құдағи келіпті» Арыстан; Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Анасындағы» Жайнақты; М.Байджиевтің «Жекпе-жегінде» Әзизді; М.Әуезовтың «Қарақыпшақ Қобыладысындағы» Бірсімбайды; У.Шекспирдің «Оттеллосындағы» Касиосын және «Асауға тұсауындағы» Люченцио сынды т.б. Актер Райымбек сомдаған кейіпкерлерін көре алмасақ та, жұмыстарының толыққанды шығуы үшін өз қаһармандарының ішкі жан дүниесіне құлай көңіл бөлетіндігін көзкөргендерден талай естідік. Актердің сахнаға шыққанда жанып кете жаздайтынын, көздерінен от ұшқындап, кейіпкерінің ішіне тереңдей-дендей еніп, оның болмыс-бітімін барынша ашып беретінін, әсіресе оның фактурасына, дауысына қызыққан өнердегі үзеңгілес досы Әшірбек Сығайдың елжірей айтқан қымбат естеліктерін ұйып тыңдаушы едік. Әрбір сөзін шегелеп, айшықтап, көрерменіне анық жететіндей етіп беруі оның басты ерекшеліктерінің бірі екенін кезінде басылған бейнетаспалардан көрген болатынбыз. Бейненің ішкі дүниесі мен сыртқы болмысын бір-бірімен қабыстыра, астастырып берудің хас шебері екеніне куә болған сыншы тұлғаның сөзіне еріксіз сенесің. Бәлкім, ол үлкен шеберлерден алған тәлімі болса керек. Олай деуге негіз бар. Ол тұста, М.Әуезов театрында қазақ өнерінің кіл марқасқалары ойнайтын еді ғой. Ол да талантты жастың өсуіне, актерлік шеберлігінің шыңдалуына сөз жоқ әсерін берді. Оның ойынында ешкімге ұқсамайтын жеке-дара сүрлеу, өзіндік соқпақ жататыны сондықтан болар.



Өнер кез-келген адамның қолы емес. Әсіресе, режиссер болудың өзіндік қиындығы мен мехнаты мол. Сондықтан дарынды актер осы қиын мамандықты игеру үшін Мәскеудегі театр институтына түсіп, режиссерлік бөлімін бітіріп келеді. Райымбек бұл күрделі салаға бар таным-түйсігін, сана-сезімін, шеберлік тәсілін, мінез байлығын салды. Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық Жастар мен балалар театрын басқара жүріп, Ә.Тауасаровтың «Аса құрметті Икс» комедиясы, Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқтысын», Ш.Мұртазаның «Қызыл жебесін», «Сталинге хат», «Бесеудің хатын» сахнаға қойды. Ал, М.Әуезовтың «Алуа» драмасын қойып, абыройлы еңбек жасағаны үшін Қазақ КСРнің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» пьесасы – режиссер Р.Сейтметовке адам сенгісіз бедел әкелді. Т.Рысқұловтың Қазақстандағы хал-ақуал туралы Сталинге жазған екі хатының айналасындағы күрделі диалогтарға құрылғанын білеміз. Режиссер шығарманың қазақ халқы үшін маңызды тұстарды ашуға зор үлес қосты. Сталиннің ішкі әлеміне тереңдей ену үшін талантты актер Тынымбек Пірімжановты таңдады. Қоюшы режиссердің де, басты қаһарманды сомдаған актердің де әр минуттары есептеулі болды. Бос уақыттарын текке өткізбей, үнемі дайындық үстінде жүретін режиссер мен актер үшін кешкілік спектакль бейне бір шығармашылық мерекесі іспетті болды.

Сол спектакльді қойғанда, адамның көптігінен театрдың есігі сынған. Темірмен көмкерілген театр есігін сындырған көпшіліктің қара күші емес, режиссердің қиял байлығының шешіміне, Сталиннің дәл өзі бола білген актердің сахналық шеберлігіне деген сүйіспеншілік күші еді. Режиссер мен актердің таңғажайып таланттарына тәнті болған көрерменнің ыстық деміне, жалын атқан отты лебіне емен есік те тосқауыл бола алмаған. Бұны қалың жұртшылық сенсация деп қабылдады. Түпсіз түңғиық қиялына жетелеген Райымбектің ғажап режиссерлік тапқырлығы - қалың бұқара халықтың шексіз алғысына бөленді. Қазақ сахнасында қайталанбас қойылым болды.

Театр репертуарынан ұзақ жылдар бойы түспей келген «Сталинге хат», «Бесеудің хатын» спектакльдері режиссердің ұзақ жылғы ізденістері нәтижесінде биік дәрежеге жеткен қайталанбас көркем дүниелер. Биік өнердің шарты – режиссердің театрға жан дүниесімен берілуі. Автордың ой идеясын, сезімін қылын, шығарманың бар бояу реңкін, рухын актерлеріне еркін жеткізе алуында болса керек. Режиссердің талабымен актерлер де

сахнада кейіпкерлерінің тағдырымен өмір сүре білді.

Режиссер Р.Сейтметтің өзгеге үлгі болатын үлкен ерекшелігі - өзі таңдап алған шығармаларындағы кейіпкерлерінің өмір сүрген уақытын, мінез-құлқын, жеке көзқарасын, мақсат-мүддесін бүге-шүгесіне дейін зерттеп алады. Кейіпкерлерінің болмысын толық танып-білгеннен кейін барып, актерлермен жұмыс істеуге құлшына кірісетін. Міне сондықтан болар, оның қойылымдарына қатысқан артистердің ойындары шынайы шығатындары.

Р.Сейтмет қойған Т.Әбдіктің «Біз үшеу едік» деген, адам жанының тазалығы турасында жазылған бұл шығарма уақытында көп мақталды да. Р.Сейтмет, Т.Пірімжанов, Р.Әшірбекова үшеуінің ғажап актерлік шеберліктерінің арқасында, бұл қойылым әлі күнге дейін ел ауызында. Бір-бірімен біте қайнасып жатқан бар жоғы үш кейіпкер болғандықтан, бұл үштікті бір-бірінен бөліп талдауға әсте болмайды.


Райымбек, Тынымбек, Розалар рөлге дайындық кезінде өз кейіпкерлерінің сырларын өмірден іздестірді. Күнделікті көріп-біліп жүрген, сырын-үнін ұғынған жандар арқылы рөл сомдады. Біз сөз етіп отырған талантты актер – Райымбек Сейтмет үшін де, жаңа рөл әуелі қиын, сосын үйреншікті, соңында керемет айналды. Шеберлігін, үздіксіз іздену арқылы шыңдай түсу – актер үшін биік мұрат.

Райымбектің бойындағы артықшылық – өзіне ғана тән, ана сүтімен дарыған табиғи дарыны. Қалай десек те, оның әрбір сомдаған бейнесі де, қойған спектаклі де жаңаша, тың серпіліс пен құбылыс десе болады. Ол ойына, қолына алған дүниенің иін қандыра, көрерменнің ешқашан есінен кетпестей етіп, жарқырата алатыны да содан шығар.

Жанр талғамайтын өнер саңлағы 1995 жылы кіндік қаны тамған жері, түркі халқының рухани астанасы Түркістанға театр ашуды мұрат тұтты. Осылайша, 2000 жылы Райымбек Ноғайбайұлының бастамасымен Қазақстан театрларының қатарына ең жас Түркістан музыкалық драма театры қосылды. Осының өзі оның ерен, өнерге деген жанкештілігін, махаббатын танытса керек.

Міне, өзінің өнерге деген адалдығын сақтай білген дарын иесі театрға деген сүйіспеншілігінен айнымады. Арманына жетті. Күні кеше, сол Түркістан сазды-драма театрына аты беріді. Актерлік, режиссерлік шеберлігін бар болмысымен меңгерген дарынды өнер иесі ел есінде қала бермек.

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы,
Астана қаласы.



Жыр кеші өтті

Таяуда Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, көрнекті ділтанушы, шығыстанушы ғалым Айнұр Әбдірәсілқызының «Тағдырым бар тоқырлық тасқа баян» атты шығармашылық кеші өтті.

Кеш барысында автордың «Қош бол, аспан!» және «Менің махаббатнамам» атты кітаптарының тұсауы кесілді. Іс-шараға белгілі ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялық қауым, ғылыми және сарапшылық қауымдастығының өкілдері қатысты.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҚАЛАМГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

«Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының аясында ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымына мүше елдер ақын-жазушыларының кездесуі және кітап көрмесі Түркістан қаласында тарихи-мәдени этнографиялық орталықта өтті.



Ақын-жазушылар кездесуінің мақсаты - түбі бір түркітілдес елдердің өзара ынтымақтастық, достық қарым-қатынасын нығайту, бауырлас елдердің ақын-жазушыларының шығармашылық байланысын дамыту, түркітілдес елдердің, оның ішінде қазақ әдебиетін насихаттау және Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында пікір алмасу болып табылады.

Осы орайда ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы және ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының бас хатшысы Қасейінов Дүйсен Құрабайұлы қатысып, кітап көрмесімен танысты.



Басқосу барысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында әлемді толғандырған заманауи мәселелер, барша адамзатқа ортақ рухани құндылықтар жөнінде де келелі ойлар қозғалды.

Бауырлас елдерге ортақ айтулы жиында Түркі дүниесіне еңбегі сіңген бір топ қаламгерлер ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының атынан марапатталды.

Ақын-жазушылар кездесуіне Түркия, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Татарстан, Қазақстанның Астана, Алматы қалаларының және өңіріміздің көрнекті қаламгерлері қатысты.

Сонымен қатар, Түркістан қаласындағы Қолөнер орталығында Түркі әлемі фотосуреттшілерінің үздік туындыларынан туратын көрме жасақтары тамашаланды.

Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік

Таяуда ежелгі қала Түркістанда Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) мен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің бірлесе ұйымдастыруымен «Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік» атты алғашқы



Халықаралық журналистер форумы өтті.

Алқалы жиынға халықаралық ұйым басшылары, Әзербайжан, Бельгия, Башқұртстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан мен Түркиядан келген және қазақстандық беделді бұқаралық ақпарат құралдарының жетекшілері мен танымал журналистер, сонымен бірге мәдениет және қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Академия басшысы Дархан Қыдырәлінің модераторлығымен өткен Форумның ашылу салтанатында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, аталған форум «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шаралардың ішіндегі маңызды жиынның бірі екендігін айтты. Ол сондай-ақ, ортақ ақпараттық кеңістік мәселелерін талқылайтын форум қатысушыларына сәттілік тіледі.

Бұдан бөлек, TWESCO басшысы жиынға қатысушыларға түркі жұртының қарымды журналистерінің басын қосқан Медиа форумға үлкен қолдау білдірген Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың арнайы Құттықтау хатын оқып берді.

Халықаралық форум өзара ақпарат алмасу мәселесі мен түркі елдеріне ортақ телеарна құру тақырыптарына арналған екі панельді отырыста өтті.

Әзербайжан баспасөз одағының Басқарма мүшесі, «Şark» газетінің Бас редакторы Акиф Ашырлы Валиев, өзбекстандық «Түркістан пресс» ақпарат агенттігінің Бас редакторы Улуғбек Асроров, республикалық «Айқын» газетінің Бас редакторы Нұртөре Жүсіп, түркиялық Anadolu Ajansı мемлекеттік ақпарат агенттігінің Бас редакторы Фарук Токат, қырғызстандық «Кыргыз туусу» басты ресми газетінің жауапты хатшысы Назарбек Байжигитов пен түркиялық «Yeniçağ» газетінің сарапшысы Күршад Зорлу Түркі әлеміне ортақ ақпарат алмасу тақырыбына арналған алғашқы отырыста баяндамалар жасады. Д.Қыдырәлі жүргізіп отырған бұл сессияда қатысушылар ақпараттық саясатымыз бір болмайынша түркі интеграциясы толық болмайтыны жөнінде өзара пікір алмасты.

Түркі кеңесінің жоба жетекшісі Джейхун Шахвердиев, «TRT-Avaz» телеарнасының директоры Мұрат Аккоч, бас кеңсесі Брюссель қаласында орналасқан «EURELIZ» Медиа және стратегиялық коммуникациялар компаниясының директоры, журналист Эли Хаджиева, қырғызстандық «Kabar» Ұлттық ақпарат агенттігі директорының орынбасары Тынчтык Карымшаков, түркиялық «NTV» телеарнасының бағдарлама редакторы Ахмет Йешильтепе мен тәуелсіз блогер Айдос Сарымның қатысуымен өткен екінші сессияға «Хабар» Агенттігі» төрайымының орынбасары Ринат Кертаев модераторлық етті. Екінші отырыстың қатысушылары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы Бодрум Саммитінде ұсынған түркі дүниесінің ортақ телеарнасын құру мәселесін жан-жақты талқылап, өз ұсыныстарын білдірді.

Сонымен қатар Форум аясында TWESCO басшысы Халықаралық Түркі академиясы жанынан еліміздегі



рухани жаңғыруды, жаңа бастамалар мен табысты тәжірибелерді насихаттайтын «Қазақстан Достар клубын» құруды ұсынды.

Бұдан бөлек, іргелі шара барысында Түркі әлемін бір-біріне және әлем жұртшылығына насихаттауға сіңірген еңбегін марапаттау және ынталандыру мақсатында тағайындалған Академияның Исмаил Гаспыралы атындағы халықаралық Медиа сыйлығының алғашқы иегерлері марапатталды.

Әпсана

АМАНАТ ҚҰРМАНЫҢ ХИКАЯСЫ

Бірде Мұхамбет пайғамбар серіктерімен келе жатқанда, жолда азықтары таусылып, қарындары ашады. Жебірейіл періште оларға пейіштен інжу, меруерт, дүрлермен өрнектелген алтын табаққа салынған құрма жемісін әкеледі. Пайғамбар «Біссімілләә» деп, табаққа қол салып, құрмадан дәм татты. Серіктері де жапырлай қозғалып, құрма жеуге кірісті. Табақтағы құрма азайғанда, ортадағы бір құрма ерекше көрінеді. Бір кереметі, ол құрма қолға түспей дөңгелей береді. Сахабалар бұған таң қалады. Бұл құрманы ешқайсысы жей алмады. Сол кезде пайғамбарымыз құрманы қолына алып қарайды да, «Бұл не ғажап?», «Бұл не деген керемет?» деп ойланып қалады. Сол кезде Жебірейіл періште де жетті.

– Уа, Алланың елшісі! Бұл құрмада үлкен бір құпия бар. Ол сізге де, серіктеріңізге де бұйырмайды. Сізге Тәңірім сәлем жолдады. Төрт жүз жыл заман өткен соң сіздің бір үмбетіңіз дүниеге келеді. Оның есімі Ахмет болады. Ол үмбетіңіз сіздің рухани жолыңызды жалғастырады. Бұл құрма сол баланың несібесі, – дейді. Серіктері мына әңгімені естігенде, таң қалады. Сол кезде Мұхамбет пайғамбар:

– Иә, Жебірейіл, ол заманға дейін бұл құрма қалай жетеді? – деп сұрады. Жебірейіл періште:

– Бұл құрманы Ахмет атты балаға жеткіз деп бір серігіңізге тапсырыңыз, – деді. Сонда Пайғамбар:

– Уа, бауырлар! Мына аманат құрманы менің 400 жылдан кейін дүниеге келетін ардақты үмбетіме кім табыстайды? Кім тәуекелге бел байлайды? – деді.

Ешкім үндемеді.

– Бұл құрманы жеткізген адам екі дүниеде бақытты болады. Ол бақыт кімге бұйырғалы тұр екен? – деп сұрады.

Серіктері «төрт жүз жылға дейін өміріміз жетпей қалады-ау» деп күмәнданып тұрғанда, пайғамбар сөзін қайта жалғады:

– Егер кімде кім бұл аманатты менің үмбетіме жеткізер болса ол адам пейіште Алла жамалын көреді, – деді. Сол кезде ортаға Арыстан бап шықты да пайғамбарға қарап:

– Иә, Алланың елшісі. Аманат-құрманы жеткізуді маған тапсырыңыз. Құдай қолдаса, аманатыңызды жеткізермін, – деді.



– Бәрекелді!

– Бәрекелді!

– Жарайсың Арыстан сахаба!

– Дегеніңе жет!

– Алла жар болсын!

– Алла жар болсын! – деп шуласты. Барлық сахаба қуанысып қалды. Мұхамбет пайғамбар:

– Уа, менің құрметті серігім. Тәуекелге бел байлағаныңа ризамын. Алла жолыңды оңғарсын, мақсатыңа жет! – деп батасын берді. Арыстан бап:

– Уа, Алланың елшісі, менің сізге айтар датым бар! – деді.

– Датың болса айт!

– Бұл құрманы жеткізу үшін маған ұзақ ғұмыр керек. Тәңірден менің өмір жасымды ұзартуын сұрап, дұға қылсаңыз, – дейді. Пайғамбар:

– Иә, Алла, Арыстан сахабаның ғұмыр-жасын ұзақ қыл! Оны рақымың мен игілігіңе бөлей көр! – деп дұға жасады. Сол кезде Жебірейіл періште:

– Уа, Алланың елшісі! Сүйінші! Сүйінші! Алла сенің бұл тілегіңді қабыл етті. Арыстан баптың өмірін ұзартты, – дейді.

Мұхамбет пайғамбар мұны естіп, қуанып қалды. Ол құрманы беріп тұрып:

– Аузыңды аш, Арыстан бап! Мына құрманы тіліңнің астында сақтағайсың. Таңсәріден тұрып, менің Ахмет атты үмбетімді іздеп сапар шегесің. Арып-ашып, жердің жүзін шарлайсың. Бармаған жерің, баспаған тауың қалмайды. Ақыры бір мекенге келіп жетерсің. Түркілер мекендеген Сайрам шаһарына кез боларсың. Осы шаһарда үлкен бір медресе бар. Аманаттың иесі – осы медресенің шәкірті. Оның медресеге кірген ізі болса да, шыққан ізі болмайды. Аманатты өзі келіп, сенен сұрап алады. Оған Құдай сондай артықша қасиет берген, – деді. Арыстан бап:

– Иә, Расул! Бұл аманатты аман-есен барып тапсырып, міндетіңізден құтылармын – дейді.

Арыстан бап ұзақ жыл сапар шегіп, Сайрам шаһарына ақыры жетіп жығылады. Ұзақ жолдан қажыған ол дем алмақ болып, ілім ордасының маңында ағып жатқан Сайрам суының жағасында сәл аялдады. Сол кезде медреседен жас бала шығып, бұған қарай аяңдады. Әлгі бала Арыстан бапқа жете бере сәлемдеседі.

– Ассалаумағалейкум, Арыстан бап! Жоғың болса, кешікпей тап! – деді. Арыстан бап та іздеген адамының осы екенін білу үшін:

– Балам, есімің кім? – деп сұрады.

– Атымды қайтесіз, аманатымды беріңіз, ата?

– Балам, атың Ахмет екен. Ішің тола хикмет екен. Аманатыңды ал, аузыңды аш! – дегенде, төрт жүз жыл бойы сақтаған құрма ұшып барып, шәкірттің аузына кірді. Бала Ахмет құрманы жұтып жіберді. Сонда Арыстан бап:

– Аманатыңды осынша жыл сақтағанда, еңбегімді елемегенің қалай? Маған сүйегі ғана қалыпты, – дейді.

– Ата, онда жұрт, алдымен сізге түнесін, бізден тілесін, – деді.

Құл Қожа Ахмет Ясауиге «аманат құрманы» жеткізген Арыстан бап халық аузында оның ұстазы ретінде айтылады. Ел арасында «Арыстан бапқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз тараған.

Арада бірнеше ғасыр өткен соң, Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауидің басына күмбезді кесене салмақ болады. Түркістанға келгеннен кейін бұл істі қолға алады. Бірақ кешке дейін қалаған дуал таңертең барса, бұзылып жатады. Оны құлатқан кім екенін білу үшін Әмір Темірдің өзі түнде келіп қарауыл болады. Түннің бір ортасында үлкен өгіз келіп, дуалды сүзіп қиратады. Әмір Темір ойланып қалады. Оған түсінде Қожа Ахмет бабамыз аян беріп, былай дейді:

– Ол көк өгіз Арыстан баптың аруағы. Сен, алдымен, соның басына кесене тұрғыз, – деді.

– Мен оны қалай табамын? – дегенде,

– Мен өзім жол көрсетемін, – деп жауап береді. Сонымен ол ерте тұрып, Отырарға бет алады. Арыстан бап жатқан жерді тауып, зәулім кесене салады. Осы кезден бері қалыптасқан зиярат тәртібі бойынша адамдар, алдымен, Арыстан бап кесенесінде түнейтін болған. Ертесіне Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, Құдайдан тілектерін тілейді екен.

СИЯР ШӘРІП
отбасы хрестоматиясынан алынды



Мыңжан БАЙЖАНИН

ТӘҢІРДІҢ таңдауы

(Батырдың бес ерлігі)

ЭССЕ



(Жалғасы. Басы өткен санда)

Екінші ерлік: Мансапты мансұқтау

Орыстың тілімен, орманның үнімен тәрбиеленсе де, бала Тоқтардың жүрегінің тереңінде туған ұлтына деген шексіз мөлдір сүйіспеншілік сезімі сарқылған емес. «Қазақ деген кім?» – деген сауалға ес жиып, етек жинаған Тоқтар үздіксіз жауап іздеумен болды.

Қазақ деген – тарпаң Азияны құтхана қылып, Бабыл елі (Вавилон) мен Ел атаны (Эллада) билеген жаужүрек жұрт.

Қазақ деген – Византия мен Римнен салық алып, күллі Еуропаны құлдықтан құтқарғаны үшін ерлері етігін сүйіп, сұлулары төсегін қиған Аттила – Еділ батыр…

Қазақ деген – асау Ассирия құрмет тұтқан көшпендінің алтын ұрпағы қайсар Мәді қаған…

Қазақ деген – едірең Еуропаның етегін жасқа толтырып, азулы Азияның тістерін шықырлата сындырған «патшалардың патшасы»; жалғыз ұлын ұлтының жолына құрбан қылып, атажауы Кир патшаның басын кесіп, әкесінің кегін қайтарған Сақ патшайымы Тұмар ханым…

Қазақ деген – ғибратты ғұнның көсемі, жайсаң жұртын айдаһардай қарақұрым қытайдың ажалды ауызынан аман алып өткен парасаты мыңсықырлы Мөде…

Қазақ деген – Мысырға құлдықпен қадам басып, ақыл-сабырының арқасында елдің сұлтанына айналған, Хақ Тағаланың қасиетті діні мен мәдениетін қызғыштай қорғаған қайтпас қыпшақ Бейбарыс сұлтан…

Қазақ деген – кие қонып, қасиет дарыған салқар жері, шалқар көлін жанындай сүйген кекті Керей хан…

Қазақ деген – әз Жәнібектің, алмас қылыш Әбілқайырдың, ақылы артық Абылайдың, қапыда кеткен Кененің нар намысы мен өр рухы…

Қазақ деген – темір түйіп, жез жонған; алтын үйіп, мыс илеген құрыш білек еңбекқор…

Қазақ деген… Қазақ деген… Қазақ деген…

…Қазақтың мал соңында жүре берсе, өркениеттен кенжелеп қалатынын пайымдаған Тоқтар қазақты аштан өлтірмей, көштен қалдырмайтын тек қана намысы екендігін ерте түйсінді. Қой бағып, мал

күткен де; егін салып, жан баққан да аса абыройлы еңбек. Қазақтың жан-жүрегінің – ауыл екендігі де рас. Қазақта ой еңбегін ұршықша иіретін қабілет те жетеді. От жағып, темір балқыту мен қорғасын ерітіп, түйін жасау – кісіге өзгеше ой салып, ақыл артады. Ой-парасаттың жемісінің, бәлкім, өнертапқыш қабілетке жетелеуі де ғажап емес…

…Ертеректе Дінмұхаммед Қонаев Тоқтарды арнайы шақырып алып, ғарышқа ұшу туралы ұсыныс жасайды. Ұшқыш мемлекет басшысының ұсынысынан ерікті түрде бас тартады.

Өйткені, адамның тағдыры тарам соқпақтарға ұқсайды. Ең қиыны, дұрыс жолды жаңылмай, дәл таңдай білу. Мәнсап пен абырой де шексіз емес. «Балғаны қызғанда соғу» да маңызды. Жалындаған жас Тоқтарға «Қазақтың тұңғыш ғарышкері» асқақ атағы әбден қажет еді.

Бірақ, бірінші басшыны да таң-тамаша қалдырып, әріптестерінің де ойларын әрі-сәрі етіп, ӘУБӘКІРОВ алдынан күткен соншама атақ пен абыройдан, мәнсап пен байлықтан өз ырқымен бас тартты…

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Мен сол кезде үлкен жұмыста жүрдім. Ең қиын жұмысты атқарып жүрдім. Осыған дейін ешбір қаракөз мұндай жұмысты атқармағаны маған әуелден аян-тын. Сондықтан, жан-тәніммен осы жұмысты атқардым. Тіпті, өзімді қазақтан шыққан «бірінші сынақшы-ұшқышпын» деп ойлаған да жоқпын.

Ол кезде Микоян бюросына жаңадан келген едім. Өзімді «сынақшы-ұшқыш» ретінде дәлелдей қоймағам. Олай болса, қалай ұшам?.. Оның үстіне, Микоян бюросында бірнеше әріптестеріміз қаза болып кетті. Аса қиын жұмыстарға қабілеті жететін екі-ақ адам қалдық. Өзгелері жас. Оған олардың қарым-қабілеті жете қоймайтын. Сондықтан, жастарды үйрету үшін уақыт керек болды…»

Бұл – кез келген жұмыр бас аламанның айта алатын сөзі емес. Бұл – қатардағы қарабайыр пенденің қабылдай алатын шешімі емес. Өзінің алда асып-төгілер атақ-абыройынан, бас айналар мәнсабы мен байлығынан – адамның өмірін – әріптестерінің тағдырын жоғары қоя білу – тек Тоқтар ӘУБӘКІРОВтей жолбарыс жүректі, арыстан білекті нағыз нар тұлғаның ғана қолынан келеді!..

Толағайдың қалыптасуының шойын жолдың бір-бірінен ажырамас егіз рельсіндей қос шарты болатын сияқты. Біріншісі: болмыстың жаратылысы, тектің түзулігі. Екіншісі: тәрбие-тәлімнің мықтылығы. Қос шарттың бірі кемшін түссе, толыққанды тұлға түзілмейді…

Шынайы талант, шын тұлға уақыт та таңдамайды, саяси ортаның шеңберіне де сыймайды. Кешегі қылышынан қан тамған кеңестің кезеңінде Қарқаралыдан шыққан қазақтың қара баласы Тоқтардың әскери авиацияда ашқан айрықша жаңалықтары мен қол жеткізген қомақты жетістіктеріне үлкен жұрттың көрнекті өкілдері қызғанышпен қарады.

Авиация және ғарыш – қос қанат, егіз ұғым. Вашингтондағы Дүниежүзілік авиация мұражайында әлемдік авиацияға еңбегі сіңген адамзаттың ең таңдаулы он азаматының аты-жөні мәңгілікке алтын әріптер¬мен құйылып жазылған. Әлемдік деңгейде әбден сүзгіден өткен бірегей сол тізімде қазақтың батыр тұлғалы баласы Тоқтар Оңғарбайұлы ӘУБӘКІРОВтің есімі ҮШІНШІ болып тұр! Неткен мерейлі мақтаныш! Қандай көңіл толтырар жұбаныш!..

Озық ойлының пайымы қашанда өркениетке иек артып тұрады…

Үшінші ерлік: Жаһанда жоқ жомарттық

…Дүниежүзін дүр сілкіндірген бұл оқыс оқиға адамзат тарихында 1978 жылы болды. Америкаға әзірейілдей көрінген әйгілі «МиГ» ұшағын, ойламаған жерден, Беленко есімді жансыз тыңшы ұрлап әкетіп, Жапонияға қондырады. Кеңестің ата жауы – американдықтар, әрине, «МиГ» ұтқыр ұшағының бар құпиясы мен күш-қуатын біліп қойды. Айтулы ұшақтың кодын дереу өзгертіп, құпия байланысты жаңарту қажет болды. Өйткені, хас дұшпан АҚШтың әуе күштері басымдығын көрсетіп, қоқан-лоққы жасауы ықтимал еді.

Тез арада су жаңа ұшқыр ұшақты сынақтан өткізу қажеттігі туындады. Уақыт аз, қауіп-қатер көп. Кремльдің қызылжолақ шалбарлы генералдарының ұйқысы қашып, күндіз-түні кеңесумен болды. Қолда бар мүмкіндіктерді саралай келіп, Бас штаб жауапкершілігі аса зор, қауіптілігі шексіз мол міндетті сынақшы-ұшқыш Тоқтар ӘУБӘКІРОВКЕ жүктеуге шешім қабылдады…

Он бес республиканың басын қосып, жершарындағы ұлан-байтақ аймақты алып жатқан, жүз сексен миллион халықтың ішінен қазақтың жалғыз баласы таңдалынды. Бағы ма, соры ма?..

ӘУБӘКІРОВ бір ауыз сөзге келген жоқ. Бас штабтың тапсырмасын бар мүмкіндіктері мен айла-шарғыларын сарқа пайдаланып, мүлтіксіз орындап шықты. Араны аждаһадай Америка мен бүкіл бүлікшіл батыстың ауызына құм құйылып, дағдарып қалды. Кеңес өкіметі, тіпті, сатқындықтың да алып елдің «сағын сындыра алмайтынын» толық дәлелдеді. Әлемнің алдында кеңестің абыройы аспандап шыға келді…

Сосын, Тоқтардың тағдырында кісінің ойына келмейтін тағы бір оқыс жағдай болды. ӘУБӘКІРОВтің ерен ержүректілігі үшін «Кеңестер Одағының Батыры» мәртебелі атағының берілетіндігіне ешкімнің шүбәсі қалмаған. Кенет, Тоқтарға өзі ерекше құрметтейтін ұлағатты ұстазы, үлкен бастығы өтініш айтты…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…Менің үлкен ұстазым қасыма келіп айтты. Ана жігіттің жасы келді, кетеді, ең көп болса, бір жыл. «Батыр» атағын бере ме, бермей ме?!. Енді біз адамбыз ғой. Осы кісіні аяйық. Көптен бері сынақшы-ұшқыш болып жүр. Сен өзіңнің «Батыр» атағыңды бересің бе?» – деді. Мен айттым: «Артық әңгіме жоқ, беріңіз!» – дедім»…

Мінеки, әлгі домбыраның қос ішегіндей толық тектіліктің айқын дәлелі. «Кең болсаң – кем болмайсың» дейтін ислами уағыздың ақиқаты. Жасы келіп, зейнеттің алдындағы әріптесіне адамның өмірінде жалғыз рет берілетін «Батыр» атағын өз еркімен қиып, өз қолымен бере салу – пендешілік тұрғыдан алсақ, оңай емес. Мүлдем жеңіл емес. Өте қиын…

Кім-кімге де қиын. Бірақ, Тоқтарға ғана оп-оңай. Біреуге бес сом қарыз бергендей, ойланбастан, мүдірместен: «Артық әңгіме жоқ, беріңіз!» дей салды. Көңілінің осынау телегей кеңдігінен, пейілінің жойқын жомарттығынан Тоқтар кем болып, қалыс қалды ма?



Жоқ! Жаһанда жоқ жомарттығының ақысы – ұлтының нағыз шынайы абыройы, халқының нағыз қалтқысыз сүйіспеншілігі болды…

…Араға сегіз жыл салып, әлемнің төрт бұрышын дүр сілкіндіріп, «Кеңестер Одағы» аталатын алып, мемлекеттің күйреуіне себеп болған, ақырында, 15 ұлттық елді тәуелсіздікке жеткізген Алматыдағы 1986 жылдың Желтоқсан көтерілісінен кейін жүні жығылып, еңкейген қазақ еңсесін тіктеп, намысын қайрады.

Кеңеске күні түскен ұлттардың түп-тұқияны ұйқыдан оянып, рухтарымен қауышты. Алматы оқиғасы – Мәскеудің беделіне қатты соққы болып, нұқсан келтірді. Қазақ пен орыстың арасына суық сызат түсті. 1986 жылғы қарашадағы әскери тапсырманы үздік орындауына байланысты Тоқтар ӘУБӘКІРОВке 1987 жылдың 23 ақпанында «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілуге тиіс еді.

Бірақ, Алматыдағы Желтоқсан қасіретінің басты айыпкері, КСРО басшысы М.Горбачев КСРОның ең озық ойлы азаматтары қол қойған «Тоқтар ӘУБӘКІРОВке «Кеңес Одағының Батыры» атағын беру туралы» ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы шығып: «Қазақтың аты жазылған» деп, қабылдамай тастады. Бұл шындықты Тоқаң сол кездегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының хатшысы Ментешашвилидің өз аузынан естіді.

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Ол кезеңде елден алыстамын ғой. Өте қатты қиналып жүрдім. Іштей жастарымыздың ерлігіне сүйсінетінмін, көзіме жас келетін… Қызметте немесе басқа орындарда маған ешкім «қазақ» деп бөліп, бөтен көзқарас танытқан емес…».

Тоқтар кекшіл емес, көпшіл болды. Саясаттың салқынын – кең жүректілігімен, жойқын жомарттығымен жылытуға тырысты. Осынау орамды қасиеттердің тереңінде Тоқаңның қаршадайынан төл табиғатқа, туған жерге етене жақындығы жасырынып жатқан.

Тоқтардың, әсіресе, жігіттің пырағы – жылқы жануарға деген сүйіспеншілігі алабөтен еді. Тоқаң бүгінде тұлпарларын бәсеке-бәйгеге, ат шабыстарына қоспайды, 30-40 шақырымдық аламанға салып, алқындырмайды.

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…Жылқы – қазақтың жаны ғой. Мен сәйгүліктерді ата-бабамыздың дәстүріне сай өте жақсы көремін, кербез жануарларға қарап сүйсінемін, менің ермегім сол. Жылқылардың өрісте құйрық-жалдарын төгілтіп, шауып жүргенін тамашалауды мен ғана емес, балаларым да ұнатады, бұл дегеніңіз – тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық қой…

…Біз өндірістік ел емеспіз. Біз әлемнің минералдыресурстарықаншалықтытұтынатынынатәуелдіміз. Егер біздің шикізатымызды пайдалану азайса, сол кезде ғана халық бабаларымыздың: «Қазақтың малдан ажырамауы керек», дегенін ұғынады. Шаруаның жанын мал ғана сақтап қалады…»

…Бір қызығы: бірде елдің орталық облыстарында малға қасқыр қырғидай тиген кезде Тоқаң арнайы шақыруменқардажүретінкөлігіменқарағандылықтарға қасқыр атуға көмекке де барған-ды. Кейінірек, сонау алыстағы Талдықорғаннан да қолғабыс сұрап, қоңырау шалушылар көп болыпты…

Табиғаттың тепе-теңдігі қалыпты деңгейінде сақталуы үшін жыртқыштар мен өзге тіршілік иелерінің қарым-қатынасын реттеп отыру өте маңызды. Айталық, қазақ даласында арқарлар мен ақбөкендер мың-мыңдап мекендеген кезеңде қасқырлардың көбеюі қорқынышты емес. Әйткенмен, еңақылды «жыртқыш» – адам арқарлардың тұқымын жойып, бөкендерді бет қаратпай қырып салғанда, қасқырлардың саны азаймады. Яғни, арқар мен бөкеннің қалдығына қасқыр күн бермеуге айналды. Таңқаларлығы да сонда: байғұс бөкендер мен тәкаппар арқарларды құтқаруға қазақтың тұңғыш ғарышкер-батыры келді…

…Ежелден қалған: «Суретшінің тағдырынан – туындысының құны қымбатырақ» дейтін қатал қағида бар. Тұңғиығына үңілсек, Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің тағдыры мен ерлігінің қазақ үшін құны қымбат екен, теңдесі жоқ екен…

(Соңы келесі санда)

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

Ақселеу жұмбағы

(Соңы. Басы өткен санда)

Арман – Ақаңның жанына еріп жүре тұрмағаным ғана. Неге асықты екен осы бір өз ғұмыры жұмбақ, бірақ бар жалғанның жұмбағын шешіп үлгерген үлкен жүректі қазақ?! Сол ұлы жұмбағының бірі – сонау 2004-2005 жылдың шекараласар шағында-ақ: «Енді бір-ақ кітап жазамын. Болды! Басқа ештеңе жазбаймын!» – деп кесіп айтуы емес пе? Мен бұл әңгімені 2005 жылы шыққан «Ережесіз «белдесу» атты кітабымда келтіріп кетіппін...

Бұл суалғыр сөзді Алла тағала Ақаңның аузына 4-5 жыл бұрын қалайша салып тұр екен? Рас, кейіннен, тура сол 2009 жылдың күзі келген кезде тағы бір жолым түсті Астанаға. Келгенімді айтып едім, дереу бильярд кешін ұйымдастырды Ақаң. Кешке Қойшығара Салғара мен Қажығали Мұхаметқалиевті шақырыпты. Төртеуміз армансыз шар құдық. Сол кеште Ақаңның жүзі сәл сынықтау көрінді. Әдеттегідей арақ ішпедік. «Жарайды, сен келдің ғой», – деп бір-бір тостаған сыра іштік екеуміз. Бильярд үйінің иесі Ақаң мен Қойшығаңның сыйлас азаматы екен. Бір әдемі малта тастардай құрт берді. Әлгі құртты Ақаңның ұнатқаны сондай, бір-бір тостағаннан сыра қайталадық. Ертеңіне Ақаң өзі іздеп тапты телефонмен. «Несіп, сен кел кешегі жерге. Бүгін ана Жолтай Әл¬машов деген қаламгер іниміз бильярд кешін ұйымдастырып жатыр...»

Кешігіп келдім. Ақаң, Қойшығаң, Алдан Смайылов, Жолтай, тағы бірер азамат бар, шар қуаладық. «Ақа, кешегі сыраға қалайсыз?» – деймін Ақаңмен у ішсең де тәтті болатынын ойлап. «Жоқ, Несіп, кешегінің өзі жақпай қалды», – деді Ақаң өзіне тән емес жабырқау жүзбен. Сол жолы екі кеште де, кейіннен сырлас азаматтарының бәрі таңдана айтып жүретін, мына сөзді айнала беріп, екі-үш рет қайталап еді сұңғыла ағамыз: «Бітті! Енді ештеңе жазбаймын!»

Бұл Ақаңды соңғы рет көруім екен. Әлгі сөзі де білдірмей ғана қоштасу екен бізбенен. Ажал түгілі ауруын айтуға қарап тұрып қорқатын қазақ баласының ішінен: «Ал, мен болдым, хош, енді сендер аман болыңдар!» – деп естіртіп айтқан арысты мен әлі білмейді екенмін. Соның бәрін осыдан бес жыл бұрын сезіп, алтын ғұмырды жалғастыра беруге қуат тапқан, қайран Ақселеу аға-ай, сенің жұмбағың шешілер ме екен XXI ғасырда?!

...Қиналсам иек сүйеп, сұрақ атаулыдан төрт қабырғаға қамалсам жауабын іздеп баратын абызым еді Ақселеу аға.

Сол бір кейіннен санаға салмақ салатын 2009 жыл келген кез. Әлемдегі небір ғажайып оқиғаларды көріп, естіп жатсам да қазақ қоғамында мені қатты таңғалдырған нәрсе – Жәнібек Кәрменов 60 жасқа толатын жылы «Сол бір бүкіл қазақ жиналып, қиналса қайта туа алмайтын ғажап әнші досымыздың даусы «қазақтың радиосы мен телеарнасынан неге күн сайын, сағат сайын шырқап жатпайды?» деген сұрақ жүректің орнына дүрсілдеп, өмір сүргізуді қойды. Жәнібекті еске алуға Астанада Несіпбек, Тұрсын, Ақаңдар кеш өткізіпті. Алматыдағы кеші Ғайникен Бибатырова апамыздың арқасында ғана Ғалымдар үйінің шағын залында өтті. Кім көрінген тайлақтай тайраңдаған Республика сарайы түгілі, қатардағы көп концерт залдарының бірінің сахнасы бұйырмады Жәнібекке. Күйдім-пістім, ысыдым-суыдым, тыныштала алмадым. Ақаңа телефон соқтым. Ақаң сабырлы, ғаламдағы бар сұрақты қойсаң қат¬тап жинап қойған жауаптарының арасынан керігін алып, жайып тастайтын ғұламалығына басып:

– Өй, Несіп, сен қызық екенсің ғой өзің! Бүгінгі қазақ қоғамына Жәнібектің не қажеті бар? – деп қарсы сұрақ қойды.

– ...Енді, Жәнібектей әнші жоқ қой, Ақа, өзі Жәнібектің 60 жылдығы... Ең болмаса биылғы жылы күні-түні шырқап тұрса болмай ма Жәнібек?..



– Жәнібек күн сайын шырқап тұруы үшін ол қазақ қоғамына ауадай қажеттілік болуы керек. Ал бүгінгі қоғамымыз Жәнібекті қажетсінбек түгілі жете біле ме өзі? Жәнібек айтқан әннің бағасын біле ме қоғамың? Тіпті қазақ әніне басы ауыра ма сол қоға¬мыңның?!

Арадағы 1200 шақырым бір тұтам болып, телефонның екі тұтқасының арасы бір құлаштай ғана болған сәтте Ақаңның үнін анық естідім. Балаға, жақынға, туысқа мейірленсе май тоңғысыз мамырдың күніндей нұр шашып, толқып шыға келетін аққұба жүзі бір сәт Астананың ақпандағы бораны шалғандай қар ұшқындатып тұрғанын байқадым. Үнсізбін. Дауыл келе жатқанда майда желдің артын қысып тұра тұрғаны жарасады.

– Жәнібек дейсің, Жәнібекке дейінгі қазақтың әнінің, әншісінің бәрі сақау бүгінде! Күй – көкжөтел! Е, оларға салауат, ертеңінен қорқамын қазақ қоғамының! Білесің бе сен, әлгі «Әнші балапан» деген балалар әнінің жобасы жарияланды ғой. Сол кезде бүкіл қазақ даласы домбыраға қосылып ән шырқап кетті. Сол бақытымызды қызғанғандай, «Әнші балапанға» интернационализм деген желеумен өзге тілдегі әндерді араластырып еді, әлгінде ғана шырқап тұрған қазақ әні сап тыйылды!

Ары қалай ештеңе айтпады. Айтатыны болмаған соң емес. Әдейі үнсіз қалды. Шайнап берді, жұтуды өзіме қалдырды. Тез қоштасып, телефон тұтқасын шегеге ілді. Әлгінде ғана қол созымда тұрған Ақаңмың шақырымға бірақ қарғып, суға сіңгендей жоқ болды. «Әрине, Ақа, – дедім

өзіме өзім міңгірлеп, – қазақтың дәстүрлі әні мен күйінен гөрі бүгінгі «Superstar.kz» жобасын көбірек ұната¬тын қазақ қоғамына Жәнібек, Қайрат, Рамазандар неге керек? Жәнібектің тамағына құм құйған шойынқұлақ заманай, қай жақсыңды жарқыратар екенсің, қай асылыңды бастан сипап, қай ұлыңды ұлықтар екенсің? Ақа, сізді түсіндім, енді бұл сұрақты қоғамға да қоймаймын. Қазақ қоғамында бізді тыңдар құлақ жоқ. Жүрек те жоқ мазасыз дүрсілдейтін...»

Өз тағдырынан гөрі ұлтының ертеңі жайлы қатты қайғыратын еді Ақселеу аға. Әсіресе өсіп келе жатқан қазақ жауқазыны дегенде жаны бөлек еді. Жанына ерген қыз-жігіттің не баласы, не немересі орысша шүлдірлей қалса: «Құлыным-ау, қай тілде сөйлеп кеттің?... Біздің тіл қазақ тілі ғой. Анаңның сүтімен емген тіліңнен суалмасаңшы», – деп езіліп, еңіреп тұрушы еді жарықтық. Сол әсерден шырмалып, ұзақ шыға алмай жүріп-жүріп, бірде маған: «Бұл қала қазағының баласына да түк кінә жоқ. Олардың тілін қынадай қырып, құртып жатқан ана теледидардағы «Mackledeon», «Jetex», «Теле няня» деген арналар! Соларыңды қала қазағының баласы анасының кеудесін сорып жатып көреді. Сол арналар құрымай – сор арылмайды!» – дегені бар. Өз бала, немерелерімізді жұбату үшін көрсете салатын бұл арналардың қазақ баласының болашағына балта шабатын жау екенін бір-ақ сөзбен астын сызып көрсеткен Ақаңнан өзекті суырған өзге трагедиямыз жайлы сұрауға бүгін кеш... Ендігісі – тек қалған мұрасын ақтару...

Ақаң – қаламгер, өнер зерттеушісі, этнограф-ғалым, ер шауып, домбыра жасайтын, шақша, кездік соғатын қолөнер шебері, домбырашы, сазгер, сал-сері, тұтас бір тұқымның көшбасшысы, елдік сөз ұстар би, шешен еді. Бұлар жеке басының қасиеті десек, шетсіз де шексіз мұхиттың алып толқындарындай лықсып келіп жататын ұлы ойлары орындала қалса-ақ сәт сайын аспанын бұлт торлап тұратын қазақ қоғамы айға оранып, күннен көйлек кигендей түрленіп шыға келеріне күмән болмайтын бізде. Олар – Ақаңның ұлттық идеялары. Қолымдағы жиған-тергенімнен соның бір-екеуін ғана келтірейін.

Біз үшін ғасыр проблемасы болып отырған ұлттық идея жайлы Ақаң былай дейді: «Қазақстанда қазақтан басқа бірде-бір ұлттық диаспора ұлттық идеяға ұйытқы да, тірек те бола алмайды. Қазақстан үшін іргетас болатын жалғыз ғана идея бар. Ол – қазақ идеясы!» «Ұлттық идея деген сәнге киіп шығатын көйлек емес немесе бүгін алаулатып, жалаулатып, ертең ұмыт болатын жалаң ұран да емес. Ұлттық идея деген – ұлттық мемлекеттің тек бүгін ғана емес, ұзақ мерзім аясында бақытты да кемел өмір сүруін қапысыз қамтамасыз ететін тетік және халықтың ынта-жігерін оятатын өмір салты». «...Қазақстанның қазір жағдайымен шендестіргенде біртұтас мемлекет аясындағы жүзден астам ұлттық диаспораның әрқайсысын ұлттық идеяның субъектісі бола алады деп емексітудің еш қисыны жоқ. Бұл ақыры қайырсыз, түпкі нәтижесі баянсыз тіршілік болар еді».

Солқылдақтық жоқ. Нақты да қатты айтқан.

«Қазіргі демократияның арқасында қол жетті деп жүрген тұрақтылық пен тыныштық, түптеп келгенде, қазақтардың көнбістігі мен кеңпейілділігінің арқасында ғана мүмкін болып отыр. ...Одан гөрі нақтылап айтқанда, Қазақстандағы қазіргі тұрақтылық пен тыныштық әзірше тек қана қазақ ұлтының тарихи мүддесі мен ұлттық ділін тұқырту арқылы, сөйтіп былайғы ұлттық диаспоралардың көңілін аулау арқылы мүмкін болуда».

Қанын шығарып, тіліп айту деген осы емес пе?! Тыңдайтын құлақ, соны іске асыратын ақылдылар, қайдасыздар?!

«...Ұлттық идеяны темірқазық еткен, оның жүзеге асуын кезең-кезеңмен нақтылаған, сала-саласымен саралаған тегеурінді іс-шараларға Қазақстан Үкіметі мен Парламентінің айтарлықтай мұрындық бола алмай отырғанын да, ондай іс-шаралармен көпшілік, әлеуметті еліктіре алмай отырғанын да мойындауға тура келеді. Мысал – қазақ тілінің тағдыры. Қазақ тілі Қазақстан Үкіметі мен Парламентінің тілі бола алмай отыр».

Ал бұған не дейсіз? Ұрысқан да жоқ, салғыласқан да жоқ, сонымен қатар, жауап қайырып, ақталуға жол да қалдырғанжоқ. Жүйесіменайттыда, асқансабырлылықпен ұрыс-керіске араласпай, сол өзінің жұмбақ жымиысымен сәл әріден бақылап қана тұр. Қазақ қоғамының бүгінгі сырқатының бетін ашқан ұлы Шипагер кейпінде бұл жолы Ақаң. Ер болсаң, қолға ал да – емде!

Ділмәрсіді демеңіздер, Ақаңның асқақ бейнесін анамнан қайта тусам да мен жасап бере алмаймын. Ол бейнені жүз адам, мың адам да сомдай алмайды таяуда. Ақаңның жұмбағын шешуге қазақ елінде тұтас институт ашса, артық болмас еді. Ұлыларын ұмытқысы келмеген ұлтқа бір институт деген не тәйірі?! Ал менің мұнарлап айтып жатқандарым – Ақаң жайлы болашақ зерттеулерге үтірдей пайдасы тие ме деп үміттенумен ғана тәуекелге бару. Аймүйізді ағалар Ақаң жайлы төбе басына топталып алып толғанып жатса, біз секілді маңдайымызда Ақаңның ыстық алақанының табы қалған табынушы інілері де сол қазынаның шоғын қоздата түскені айып болмас. Ақселеу жұмбағы – бүкіл қазақ боп зерттегенде ғана шешілетін жұмбақ.

Өзім ғұмырымның соңына дейін шешетін Ақаңның соңғы жұмбағы мынау: өткен жылдың қыркүйегі кіндігінен аунап түскен күні телефоным қақсап қоя берді. Ар жақтағы бейтаныс дауыс: «Несіп аға, Ақселеу Сейдімбеков ағамыз қайтыс болды. Жерлеуі – бүрсігүні!» – деді сөзін шолақ қайырып. Ah ұрдым да қалдым. Жылап жүріп Астанаға жеттім. Сонау Жаңаарқаға дейін шығарып салып, топырақ салғаннан соң, мәңгілік жатар жерін өзі арнайы келіп таңдап кеткен төбенің басында тұрып, біраз жігіт: «Бұл жерді «Ақселеу биігі» деп атайық», – деп баталастық. Солай болатын да шығар. Әйтсе де, мені аударып-төңкеріп жүрген – Ақаңның жұмбақ табиғаты. Өзін айтты демеңіздер, Ақаң... өзі дүниеден өткен соң жерлеуіне шақырылатын қимастарының тізімін жасап, жанына мекенжайын, телефондарын жазып кетіпті. Сол тізімге мені де қосыпты. Әлгіде тап басып, тауып шақырғаны да сол екен. Оны маған кейіннен Ақаңа жақын, жанашыр бір азамат айтты.

Мұның алдында соңғы кітабын жазып, шығарып, алты томдығын баспаға тапсырып, қалған қолжазба, небір құнды құжаттар, тарихи зерттеулер, өзге де өзіне тиісті жазбаларын қаттап, мұрағатқа өткі¬зіп кеткенінің өзі ше? Осының бәрі тегін адамның тірлігі ме? Меніңше, олай емес. Тек әулиелер ғана осылай ғұмыр кешіп, осы¬лай сөйлеп, осылай іс тындыра алар! Ал әулие жан әрқашан жұмбақ. Ақселеу ағам да, әр қыры алтындай жарқырап көрініп жатса да, барынша жұмбақ жан. Менің ендігі мақсатым – Ақселеу жұмбағының мыңнан бірін шешу. Бұл – Ақселеуді білген-білмеген бәрімізге сын. Жұмбағын толық шешпей Ақселеу Сейдімбек ағаға қазақ қоғамындағы нағыз тарихи орнын бере алмаймыз. Мен білетін шындық осы ғана.

ҒАСЫР ЗЫМЫРАП БАРАДЫ

-Сіз бізді бұлай таңқалдырмаяқ қойыңыз, - деді купелес қыз көршісінің қолындағы кітапты нұсқап.

- Таң қалу үшін де сана керек, кітаптың бетін ашпағаныңыз көрініп тұр, - деді жігіт қабақ түйіп.



- Қазір технологияның ғарыштаған ғасыры, бір ғасыр алға жылжу керек сізге!

- Жоқ, қазір адамзат ақылының аспандаған заманы. Мүмкін бір ғасыр артқа қайту керек болар маған!

Қызғалдақтың гүлінен пайда болған көлеңкедей баянсыз үнсіздік орнады. (Ақылды мен ақылсыздың досығы секілді айнымалы үнсіздік)

Родио саңқ етті. Елбасының даусы: «Түбінде әлемді кітап оқығандар билейді».

Жігіт жымиды.

Қыз бұзылған сыдырмасымен әлек боп отырған бұл кезде.

Поезд ғасыр зымырап барады.

Бақберген ДАРИҒА

МӘНІ МАЙЫСҚАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Ғаламтордың қадірін тариф біткенде білерсің.

Адамның көңілі бір-ақ лайктен қалады.

Интернетте бәрі сұлу, жаман қыздар қайдан шығады.

Қыздың қырық сайты бар.

Он бәленің тоғызы желіден.

Қызым, саған айтам, бірақ сен ешкімге айтпа.

Соткасы жоғалған студент соскасы жоғалған бөпемен тең.

Қазақ болам десең, тіліңді түзе.

Нарқұлан РАЙХАН

ТҮРКІ БАЛАСЫ, БІРІГІҢДЕР!

Биыл Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы деп жарияланды да, Ақпарат құралдары жарыса жар салып, сүйінші сұрады халықтан. Жаңалық деп қабылдап қуанғандар да көп болған сияқты. Түркістан да дүркіретіп тойлап та үлгерді.

Ақиқатына келгенде, Түркістан ежелден Түркі баласының рухани астанасы емес пе еді? Дабыл қағып тойлап жатқан бауырлас халықтардың тарихи санасының енді оянғаны өкінішті. “Түркі баласы, бірігіңдер!” деп ұран салған қайран Мұстафалар, осы күнді көре алмай арманда кетті-ау!

Ербақ ҚҰРМЕТЖАН

СТУДЕНТТІҢ ӘР КҮНІ

Бүгін 305 те ет қосылған макорон істеліпті, не істеу керек???

Жәә, ойлану керек, мықтап ойлану керек...

Нені сылтауратып кіріп барсам екен?

Екі тал сәбіз сұрасам ба? Жо-жоқ ол бөлмедегі танысым кеше ауылға кеткен, басқасының бере қоюы екіталай.

Қарын болса ашып тұр, қалтадағы БЕС теңгеге бір нан алуға болмаған, буфеттегі апайда қарызға жазбайтын болғалы қашан. Неде болса 305 ке жақындау жағын мықтап қарастыру керек...

Оттт, тағыда ойлана түсуге тура келеді, мықтап ойлану керек, бару керек те, тағамдарынан «ауыз тию» керек...

Кенет ойыма бұзылып қалған Nokia маркалы телефоным түсті. Менің бірден-бір құтқарушы жұлдызым сол екеніне көзім «жетер-жетпестен» өз бөлмемнен атып шықтым...

Тарыс тарыс ...етіп сенімді қағылған есік дауысынан кейін, бөлме ішіндегілердің апыр-топыр қарбаластыққа түскенін сырттан тыңдап тұрмын. Бәлкім қонақтарынан «ұят» болмасын деп, шашылған бөлмелерін жинастырып жатқан болу керек...

Кенет есік «сыпайы ғана» ашылды, бөлме ішінің қорыс қопасы шығып жатыр, қуырылған еттің иісі қолқаңды жарардай. Қолымдағы ескі телефонды «тауып» алғанымды ескертіп, «иесін» іздестіріп жүргенімді айттым... Ас бөлмесіне байқатпай көз қырымды салып та үлгердім. Пысып ауызға түскелі тұрған тамақ, қазанымен үстелдің астына «бұғынған» сияқты. Мен шықпай тұрып, онында бой көрсетер түрі жоқ. Әрі телефонда «олардікі» болмай шықты. «Жасырынған» қазанды қимай, қимай менде кеттім...

Екі адым ұзағанымда есік ішінен құлыптанып жатқанын сездім...

Нұрбек КЕҢЕСБАЙ



ӘНГЕ АЙНАЛҒАН ӨМІР

Қырғызстанның Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, «Тоқтоғұл» атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Саламат Садықованың есімі әлемге танымал десек артық айтқандығымыз емес. Ол Түркия, Қытай, Германия, Италия, Франция, АҚШ, Жапония, Араб елдерінде, Қазақстан, Ресей және Өзбекстан көрермендерінің алдында концерт қойды. 2007 жылы Сеулде жеке концертін беріп, «Әлемдік шебер» сертификатын иеленген. Ол бар өнердің басын біріктіретін өнер қамбасы саналатын фольклорлық бағыттағы әндерді шырқаудан еш жалықпаған өнер иесі. Жуырда Қырғыз ән өнерінің дүлдүлімен тілдесудің сәті түскен еді.



-Саламат Момынқызы, ең алдымен 60 жылдық мерей тойыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіз! Тәуелсіздік жылдарында, жас күніңізде қазақ әндерін көптеп орындап, жиырма жыл бұрын Қазақстанның Еңбек сіңірген атағын алған әншісіз. Қазақ әндерін орындауға нендей құлшыныс әсер етті?

-Рахмет, айналайын. Мен үшін қазақ тыңдармандарымның орны бөлек. Іргелес жатқан бауырлас елміз. Мен қазақ әндерін бала күнімнен қатты жақсы көретінмін. Ең алғаш Ескендір Хасанғалиевтің «Алатау» деген әнін 16 жасымда кіші мекенім Баткендегі Мәдениет үйінде эстрадалық ансамбльдің сүйемелдеуімен орындап шықтым. Репертуарымда «Ауылым әнім», «Әдемі-ау», «Өмір өзен», «Гүлдерайым», «Сағындым Алматымды», «Әгугай», «Өмірдің көбі кетіп азы қалды», «Бір ауыз сөз» әндері бар. Ол әндерді әлі күнге дейін үзбей орындап келемін. Құпия бір нәзік сыр мені ылғи қазақ әуендерін айтуға арбап тұрады. Дауысым да тыңдармандардың жүрегінде қалғандықтан болар, қазақ телевизиясында әлі күнге дейін менің орындауымдағы «Сағындым Алматымды», «Жаңбыр» әндері беріліп тұрады екен. Қазақ халқының алғысын алып өскен әнші екенімді қырғызым да мойындайды.

-Өмір-шежіреңізге қарап отырсам, әлемді аралап концерт беріп жүрген бірегей әншісіз. Жалпы қазіргі заманда өзге ел түгілі өз елінде концерт беру оңай шаруа емес. Демеушіңіз немесе продюссеріңіз бар ма?

- Менің өнер жолымда көптеген кедергілер болды, жол тосулар жылдарымды алып қойды. Соған қарамастан, үзбей еңбектендім. Өз өнерімді мойындатуға тырыстым. Кейін интернет арқылы Америкадағы FOLK PRODAKSHN компаниясы мен туралы мағлұматтарға зер салыпты. Назарына түскен болуым керек. Артынан АҚШ Калифорниясынан музыка зерттеушісі Марк Хамфри (MARK HUMPHREY) деген азамат Қырғызстанға әдейі іздеп келіп танысты. Ең алғаш 1995жылы Жапонияда «Song of Kyrghyzstan» атты дискімнің шыққанын білесіз. Сол дискі арқылы дауысымды естіп, өнерімді бағалап, әлемді аралауыма себепкер болды.

-Бұл қай жылдар еді?

-Ең алғаш 1997 жылы келген. Одан соң 1999 жылы келіп, әндерімді толық таспаға түсіріп жазып алып кетті. Өзі спонсор іздеп екінші жинағымның шығуына атсалысты. 2001 жылы «The Voice of Kyrghyzstan" деген атпен АҚШ-та жаңа үнтаспам шықты. Міне, нағыз өнерді қолдаушылар осындай болуы керек деп ойлаймын. Ата-бабасы танымаған бөтен өлкенің әншісін жар сала жазды, бағасын берді, көптің көңілін бұрды.

Сөзіңіз аузыңызда, Майкл Хойманн Stylus Maqazine онлайн парақшасына Сіз туралы мынадай ой жазыпты: «Дәуіріміздің ұлы вокалистері Билли Холидей, Сэнди Денни, Арета Франклин, Эдит Пиаф... осыларға тағы бір есімді қоссақ. Ол - Саламат Садықова. Сіз бұл есімді бұрын ешқашан естімегенсіз бе? Көпшіліктің оны танымайтын, білмейтін себебі, Қырғызстан кешегі посткеңестік елдер ішінде Орта Азиядағы ең шалғайда жатқан, оқшауланып қалған республика болатын. Ал, бірақ Садықова қарапайым әуенді сазды да, сиқырлы әнге айналдыра алатын шын мәніндегі сырлы суретker». Түсінген адамға бұл әлемнің мойындағанын білдіретін пікір болса керек.

-Ия. Қырғыздың әншісі ретінде көптің бірі болсам да, шет елдер де өз ұлтын мекенін танытқан әнші атандым. Араб өлкелерінде концертімді жасаған адамның өзі теле-журналист. Мені 2008 жылы Испаниядан көріп, әндерімді қатты ұнатып, бірнеше рет «DIVA-SALAMAT» деген аталыммен концертімді өткізуме септігі тиді, Аллаға шүкір! Мені бір Алам, халқым әрине адал еңбегім қолдап келеді. Менің басымнан қиын күндер көп өтті. Аман болсақ болғаны, алтын аяқтан су ішер күндерді де Алладан нәсіп етсін деп тілеймін.

- Бүгінде фольклорлық музыка жастар арасында танымалдылыққа ие емес. Сіздіңше, осы байырғы өнерге жас ұрпақтың ықыласын аударып, қызығушылығын арттыруға бола ма?

- Әр адам өз өмірінде ащыны да тұщыны да татуы керек. Бұл - өмір заңдылығы. Музыка өнерінде де солай. Бір кездері «фольклорлық музыканың еш қызығы жоқ, оны көпшілік те ықыластанып тыңдамайды, олар қазіргі заманғы ырғақты сазды ұнатады» деген пікірлер қалыптасқан-ды. Қазірде де осындай уәждер ара-тұра қылаң беріп қалады. Тіпті мемлекеттік телеарналардың қызметкерлері де еш қысылмастан: «Біз қомузбен шырқалатын, адамды жалықтыратын әндерді эфирге шығара алмаймыз» деп беттері бүлк етпестен айтып жүрді. Қомуз деген, білесіз, қазақтың домбырасы секілді қырғыздың ұлттық музыкалық аспабы. Көңілге бір медеу болатыны – осындай әрекеттерге қарамастан біздің музыкамыз әлі де сұранысқа ие, тыңдаушылары әлі де баршылық. Бірде осындай концерттердің бірі аяқталған соң кешкі аста фольклорлық әуенді жанды дауыста тыңдаған бір әйелмен дастарқандас болдым. Ол біздің орындауымыздағы әндерге де, үстіміздегі костюмдерімізге де таңырқап, өз сүйсінісін жасыра алмаған еді. Сол жерде әлгі әйел бізге өз қаражаты есебінен костюмдер тігіп беруге ұсыныс жасады. Біз оның осы көмегі мен қолдауына айырықша риза болдық. Жасыратын несі бар, біз өзге «жұлдыздар» секілді кез келген есікті теуіп ашып, ақша, қаражат сұрай алмаймыз. Біз үшін бұл жат қылық, біздің өзімізді бұлай ұстауымыз ұят.

- Сіз үшін шығырмашылықтың алар орны қандай?

- Мен бақытымды әннен таптым. Әнші болуды бала кезімнен армандадым. Сонау балалық шағымда мектептен үйге қайтып келе жатқанда сыныптастарыммен бірге өзен жағасында ойнағанды ұнатушы едім. Сол кезден-ақ болашақ өмір жолымды сыздым, музыкаға деген іңкәрлігім оянды. Қазірде сол бала шақтағы қиялымның жүзеге асып, киелі сахна, өшпейтін өнер туралы армандарымның орындалғандығына қуанамын. Біздер, өнер адамдары қоршауға алынған қамал ішінде қалған жандардаймыз. Мемлекет тарапынан мардымсыз жалақы төленеді, осыған қарамастан ұлы мәдениетіміздің қалған жұрнақты жамап-жасқап дегендей, болашаққа апаруға тырысамыз. Ал бұл кезде «жұлдыз» атанғандар стадионға жиналған топ алдында алдын ала фонограммаға жазылып алынған әндерін шырқап, танымалдылыққа ие болуда.



Маған кей кездері телевизия журналистері телефон шалып, өз үйімде сұхбат беруге шақырады. Мен олардың бұл өтініштерін көбінесе қабыл ала бермеймін. Оларға айтар уәжім: «Мен атшаптырым хан сарайында тұрып жатқан жоқпын, шағын ғана жекеменшік үйім бар, ыңғайсыз болар». Өкінішке бой алдырамын әрине, бірақ ешқашан оптимистік көзқарасымды, ерік-жігерімді жоғалтқан емеспін. Менің өмірім - сахна. Өзіңнің жандүниеңді, қалауыңды, музыка мен шығармашылықты түсіне алмайтындармен әңгімелесу өте қиын. Алайда мен өмірімнің әр күнін бағалаймын. Ширыққан сәттерімде күш-қайратым еселене түседі. Менің репертуарымда Рысбай Әбдіқадыровтың көптеген әндерінің болуы кездейсоқтық емес. Мен де «Жолығалық гүлім, жолығалық» деген секілді жеңіл әндерді айта аламын. Мен үшін үлкен музыкалық шығармаларды орындау – өмірлік мектеп десем болады.

- Сіздің балалық шағыңыз қиындықта өтіпті, сондықтан өз балаларыңыздың жарқын болашағы үшін көп күш-жігер жұмсаған шығарсыз...

- Мен қыздарым дүниеге келгеннен Алладан оларды бақытты ете гөр деп тілеумен келемін. Олардың жақсы білім алғандығын, тәуір тұрмыста күн кешкенін қалаймын, әрине. Олардың өмірі менің өмірімнен артық болсын деп тілеймін, ең бастысы бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Мен оларға барлық жақсылықты жасауға тырыстым. Қазір олар есейіп, бойжетті. Бір қызым жоғары білімді түркітанушы, екінші қызым ағылшын тілін жетік білуінің арқасында Дубайда жұмыс істеп, сонда тұрып жатыр. Бүгінде сол екі қызымнан жиен немерелерім бар.

- Қыздарыңызды қалай тәрбиеледіңіз? Бала тәрбиесі жөнінде өз тәсіліңіз бар шығар?

- Кейбір ата-аналар біз баламызға ешқашан дауыс көтеріп, ұрысқан емеспіз дейді. Бірақ бұл мүмкін бе, өз басым бұған сенбеймін. Өмірде бәрі болады, жанжалдасасың, ұрысасың, татуласасың. Мен қатты адаммын, сондықтан қыздарыма да қатаң талап қойдым. Тіпті оларға қол көтерген кездерім де болды. Қызым Махаббат жоғарғы оқу орнын бітірген соң ең алғашқы 10 мың сом айлығын әкелді. Мен әрине ерекше риза болдым, қызым бойжетті, енді міне, алғашқы айлығын да маған әкеп берді деп қуандым. Сол сәтте көз алдымнан оның дүниеге келген сәті, сәби кезі тізіліп өтіп жатты. Мен өте қатал болдым. Бірақ қызымның осынау дархан көңілі, анасына деген махаббаты мені тебірентпей қоймады. Махаббатым қарапайым, қайырымды, дархан жүректі болып өсті. Қазір көңілім нала болса, қызым Құндызға барамын. Екі қызым қос қанатым, өмірдегі тірегім, махаббатым.

- Ал сіз кенже қызыңыздың шетелдік азаматқа тұрмысқа шыққанына өкінбейсіз бе?

- Жоқ, ешқашан өкінбеймін. Олардың бақытты болғанын көріп отырып, қалай өкінемін? Кезінде Түркияда қызмет істеп жүрген алғашқы кездері ол үйге түрік немесе араб жігітін әкеліп таныстырамын деп әзіл-шыны аралас айтып жүретін. Шынымды айтсам, мен қызым осы ұлт өкілдеріне барса, ошақ басынан аса алмай, төрт қабырғаға қамалып қалар деп қауіптенуші едім. Бірде қызым маған телефон шалып: «Мама, менде қуанышты бір жаңалық бар, жігітім маған көңілін білдірді. Менің сіздерді таныстырғым келеді» деді. Кейін білсем, күйеу бала Шотландиядан екен. Мен ұшаққа билет алдым да болашақ күйеу баламмен танысқалы ұшып шықтым. Алғашқы кездесуіміз маған өте керемет әсер сыйлады. Ол қызымның қосағы болсын деп өзім армандағандай тәрбиелі, әдепті, білімді азамат болып шықты. Мен оның отбасымен де жақын таныстым, олар да қарапайым, сыйласуға тұратын жандар.

- Келбетіңізге қарап, сізді жақында 60 жасқа толады деп айту қиын-ақ. Жүзіңізде бірде бір әжім жоқ. Өте жас болып көрінесіз, мұның нендей құпиясы бар?

- Бұл жаным мен тәнімнің табиғилығына байланысты болар. Оның үстіне әдемі қартаю, жас көріну жан сұлулығына қатысты шығар. Адамның ішкі ағзасындағы өзгерістер оның жүзінен анық байқалады. Адам өз өміріне өкпелі, қапалы болса, оның әсері бет әлпетінде байқалмай қалмайды. Мен ішкі жан дүниемде келеңсіз жайларды ұстамауға тырысамын. Егер маған бірнәрсе ұнамай қалса, бар ашуымды, наразылығымды бетке айтқанды жақсы көремін. Өзімді күндеушілер мен көре алмайтындарға да кешіріммен қараймын. Мұның да денсаулыққа пайдасы зор.

Гүлжаз ҚЫДЫҚБЕКОВА,
Бішкек қаласы

Саламат Садықова апайымызды бұрын сырттай біліп, атына қанық боп жүретін едім. 2013 жылы Бішкек қаласына айтысқа барғанда ол кісімен дастархан басында танысып, сұхбаттасудың сәті түсті. Маған қырғыздың дәстүрлі әндері мен күйлері ұнайды. Ал, Саламат апайымыз осы дәстүрлі өнерді әлемдік дәрежеде насихаттап жүрген санаулы өнерпаздардың бірі. Оның репертуарында тек қырғыз әндері ғана емес қазақ әндері де көп. Әсіресе, А.Қоразбаев пен С.Оспановтың «Сағындым Алматымды» әнін апайымыз керемет орындайды. Ол кісі Қазақстанға келгенде концерттерде көрермендер үнемі осы әнді орындауын сұрайды. Сондықтан да мен бұл кісіні жалпы түркі дүниесінің өнерін дүниежүзіне танытып жүрген тұлға деп есептеймін. Ол кісінің бойындағы адамгершілік, қарапайымдылық, салиқалылық сияқты ізгі қасиеттер өнер адамдарына үлкен өнеге. Қазақ пен қырғыздың тел перзентіне айналған апайымызға Алла екі дүниенің бақытын нәсіп етсін деп тілеймін.

Айбек ҚАЛИЕВ,
ұйтыскер ақын, ф.ғ.к., доцент

«ЖҰПАРЫНАН ИІСКЕТКЕН - ГҮЛ ЖИЫРМА БЕС...»

Шымқала төрінде айтыскер ақын Біржан Байтуовтың жұпар аңқыған гүл жиырма бес - мерейтойы дүркіреп өтті



Ордалы оңтүстікте айтыскер ақын Біржан Байтуовтың «Бізден де өтер жиырма бес» атты шығармашылық кеші болып өтті. Қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың он бесінде бас болғанын ескерсек, Біржанның балбұл жанған жиырма бесі – тұяғы болат тұлпардың бабына келген дер шағы; қанаты қатқан сұңқардың шырқауға ұмтылар ұлыс кезеңі...

XIX ғасырдағы қазақтың ән өнерінің саңлағы һәм сөз сезгері Біржан салдың ерек есімін сүткенжесіне берген марқұм әкенің үміті, ақжаулықты асыл ананың ақ сүті ақталды...

Кештің шымылдығын адуынды айтыс ақындары Балғынбек Имаш пен Айбек Қалиевтер арнау жырларымен түрді. Біржан екі жақтан демеп тұрған арда ағаларының ортасына келіп,«пай-пай, жиырма бес»-ті өлеңге қосып, қос ішектен төгілте жөнелді:

Сағымдай көз алдымнан сырғиды елес,
Жастықтың ауылынан жылжима, көш.
Қыраубас қартыңды да қызықтырған,
Басымда менің қазір жыл жиырма бес.

Серік етіп желпінген қызды ауылды,
Біреулерге шертілген сыр жиырма бес.
Серілікпен өткізген түз дәуірді,
Біреулерге пері мен жын жиырма бес.

Жүрекке иман дәнін еккеннен соң,
Мен үшін шұғылалы нұр жиырма бес.
Енді соған сай өнер көрсетпесең,
Кімге керек қауқарсыз құр жиырма бес?!.

Бұтағынан жемісін үзіп беріп,
Жұпарынан иіскеткен гүл жиырма бес.
Менің де маңдайымнан көшесің-ау,
Талайды тамсандырған бұл жиырма бес.

Кеңтыныстыкөркем кеш ақынның өлеңіне жазылған сырлы әндермен жалғасты. Елге танымал Гүлнәр Сиқымбаева, Жарылқасын Дәулетов, Бағлан Әбдірәйімов, Айдар Байжанов, Заттыбек Көпбосынұлы, Асқар Жүнісбеков, Ахат Кенжебаев, Наркенже Серікбаева секілді бір шоғыр жұлдызды әншілер ақын Біржан Байтуовтың өлеңіне жазылған есті әндермен тыңдарманының құлақ құрышын қандырып, сазды әуенмен сусындатты. Біржан Байтуовтың сөзіне жазылған Жарылқасын Дәулеттің «Қартым мешітке кетіп барады» әнінің тұсауы «Заман» тобының орындауында кесілді.

Айтыскер ақындар Сара Тоқтамысова мен Қажымұқан Абзаловтың жарасым тауып,жүректі жылытқан «Қыз бен жігіт айтысы» кештің көрігін қыздыра түсті.

Жиырма бестің жұпарлы жазирасына жайраңдап жеткен айтыскер ақын Біржан Байтуов бір сәт қазақтың марқасқа тұлғалары Әлихан Бөкейханның,Мағжан Жұмабайдың, «Біржан сал» аталып кеткен Біржан Қожағұлұлының, Шоқан Уәлиханның т.б. ардақты аталарынан өнегелі өмірлері мен мағыналы мұраларын тілге тиектеп, осынау орасан шаруаларға небәрі жиырма бес жастың төңірегінде түрен салғандығын тебірене сөз қылды.

Қоңыр қарапайымдылығы тереңіне тартып, толғамды түйіні жүректі тербеткен біразы маржан жырларымен желпіген жас дарын қазақтың тар жол,

тайғақ кешкен тарихын бірнеше киелі көшке теңеп, төл тұжырымымен бөлісті:

«Бірінші көш–мемлекет құру жолында Керей мен Жәнібекті бас қылып Қозыбасқа елдіктің қазығын қағуы. Екінші көш – Ақтабан шұбырынды жылдары Арқадан ауа көшіп, Қаратауды басып өтіп, Сырдың қалың қамысын паналауы.Үшінші көш – «Ата-бабамыз аманаттаған атамекенімді доңыздың табанына таптатпаймын» деп, Кенесарыны хан сайлап, азаттық үшін алысқан бahадүрлердің амалсыз Жетісуға қарай жылысуы.Төртінші көш – қанды көш, қасіретті көш: 1930-1932 жылдары ашаршылыққа ұшыраған қазақтың жат елдің тауы мен тасын паналап, шетелге босуы. Бесінші көш– азаттық көші. Қазақ тәуелсіздік алғаннан кейін қиын-қыстау кезеңдерде шекара асқан қандастарымыздың атажұртына қайта оралуы. Алтыншы көш – рухани бостандық көші. Ғасырларға созылған бодандық қамыты үзілгенімен, санамыз құлдық санадан толық айығып кете алмады. Осы бір құлдық санадан айығу үшін рухани сілкініс жасап, Елбасымыздың ұсынған «Мәңгілік ел» идеясы– ұлтымызды бостандыққа бастаған ұлы көш, деп білемін .Жетінші көш – бұл әлі болмаған, болары хақ көш. Бұл –адамзатқа ортақ көш. Ақырет күні мах-





шар алаңында есептер алынып, таразылар тартылып біткеннен кейін кәпірлер мен имансыздардың тозаққа тасталуы. Ізгі мұсылмандардың мәңгілік мекен жәннатқа көшірілуі»– деді алаштың ақмаңдай ұлы ағынан жарылып...

Жиырма бесті жырлаған жайсаң кештің әсері зор, рухани құндылығы мол болды. Иманға шөлдеп, иланға ермек мұсылманның мерейі өсіп, мәмлесі бекіген жиынның жылы сәуле, ізгі ықыласы жүректі жұмсартып, жанды бір шайқап-тазалады...

Рас, «Жүрекке иман нұрын сепкеннен соң,

Мен үшін шұғылалы – нұр жиырма бес!» – деп, дүркірете жырлап, күркірете қол соққызған айтыскер ақын Біржан Байтуовтың беташар белесі әрі биік, әрі берекелі екендігін көрсетті.

Жырлаған жағың талмасын, басынан бағың таймасын, алаштың арқалы ақыны!

Гүлжазым ТҮРКІСТАНИ,
Шымкент қаласы

Біржанның өлеңдерінен

АНАМНЫҢ ҚОЛЫ

Анамның қолы, қымбатсың маған,
Сабақтаулы ине ұстаған.
Сан өрнек салып сырмақ сырлаған,
Көрпемнің тысын тыстаған.

Өмірге берер мағына көптен,
Балғын кезімде мәні көп.
Сол анашымның қолынан өткен,
Шалбарын кигем сан рет.

Жүруші ем ылғи жамау шалбардың,
Желбіреп екі балағы.
Шалбардың емес, анам салған бұл,
Ұлт ұятының жамауы.

Қазақтың қазір сырында мұң бар,
Өткеннің аңсар елесін.
Жамау көрмеген бүгінгі арулар,
Жалтыратып жүр денесін.

Ұлының арын талақ қылуға,
Инесі ерік бермеді,
Ұлтының арын жамап тұруға,
Анамның әлі келмеді.



Қайдасың, қыз-ау?..

Қыз-Көктем...
Қызым-ау, сен қайда жүрсің,
Сен Күнде жүрсің-ау, не - Айда жүрсің?
Қай елде бұлбұлдайын сайрап жүрсің,
Адамды абдыратқан айлаң құрсын...

Көңілі бір желпінсін, жері жібіп,
Көрінші мынау елге бері жүріп?
Алқынып сені күтіп тұр ғой әлі,
Арқада Арғын деген Сері жігіт?

Келетін болсаң - келші:» Жаным-ай!»-деп,
Мойынына асыл, тіпті, «Ханым-ай!»-деп:
Үш жүздің басын қосқан баяғыда,
Осы елден шыққан Төре Абылай кеп?

Қазақтың қамы мұнда сан айтылған,
Хисса мен неше қилы ән айтылған.
Аңыз боп осы өлкеде Абай туған!
(Лапылдап!--
Суық жерден қалай туған?!.).

Еңбегі елдің мұнда бір өнбеген,
Күні жоқ тығырыққа тірелмеген.
Арқада--алты ай қыс қой әлімсақтан,
Жеті ай--жұт және осында-- біреуменен?!,

Қайдасың, Көктем-Ару, бері жүріп,
Көрінші, ел қуансын, жері--жібіп?
Абдырап тұр ғой әлі сені күтіп,
Арқада Арғын деген Сері Жігіт...

Серік АҚСҰҢҚАР



ТҰСАУЫҢДЫ КЕСЕЙІН, КҮРМЕУІҢДІ ШЕШЕЙІН...



Таңғы ас ішіліп, дастарқан жиналған соң, ұлдың анасы сабағына асыға бастады. Биылғы жыл соңғы курсы, дипломдық жұмыстарымен қатты қарбалас. Ал, мен үшінші курстамын, сабағым түстен кейінге орналасқан. Әйтеуір, уақыт осылай үйлесім тауып, баланың бағымы үшын көп қиыншылық көрме қоймадық.

Асыға киініп, анасы кетті. Аяғын енді ғана басқан ұлымды ойнатып, үйде қалдым. Сағат 11-де түріктілдес халықтар кітапханасында "Сарасөз" журналының тұсау кесер ресімі өтпек. Бұл игілікті іс-шарадан қалу ойы менде жоқ. Баланы табыстап кетуге, көршілерім үйлерінде болмай шықты. Қайтпек керек? Амалым таусылған соң, баламды көтердім де, межелі уақытта кітапханаға жеттім.

Келсем, біраз адам жиналып қалыпты. Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бекбосынов, сыншы, ұстаз Құлбек Ергөбек, жазушы Сейдолла Садықов, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғани Рысбеков, композитор Бекжігіт Сердәлі, композитор Сауран Елеуов сынды игі жақсылар төрден орын алып, шағын дастарқанынан дәм татып отыр екен. Имене басып, сәлем беріп кіріп келдім. Баласын арқалап алып, оқып жүрген студенттің басы мен болмасам да, әжептәуір ыңғайсызданып-ақ қалдым. Сәлем алынып, көз қанықкан соң, есікке таяу жердегі бос орынға, Құлбек көкенің оң жағына жайғаса кеттім.



Шығармаларын оқып, атағына жығылғаным болмаса, Құлбек көкенің жақын отырып әңгімесін тыңдағаным осы екен. Тереңнен тартып тебіреніп, алыстан толған ойланып, "Сарасөз" туралы әңгіме өрбітіп, ой қозғап отыр.Төрде жарқылдаған алмастай өткір мінезді Қажекең. Құлекең айтқан әрбір ауыз сөзді құптай бас изеп, ой қосып безбендеп, әзіл араластырып тұздықтап қояды. Көпті көрген, көкірегі кенен екі көкеміз (Құлекең мен Қажекең) есіліп сөйлеп, көсіліп сыр шертеді.

Шәй ішіп, әңгіме тыңдап отырмыз. Әредік, алдымдағы ұлға назарын аударған көкем, баланы алып, алдына отырғызды. Балам да жатырқамай,томпиып отыр.

- Көке, таңдайына түкіріп қойыңызшы, сізге тартса жаман болмас. Ойлағаны елдің ертеңі, жегені жұрттың қамы болсын, дедім шын ниетіммен. Қазақтың салты ғой, қадірлі қарияларға ырымдап ат қойғызып, баласының таңдайына түкіртетін. Көкем ырымын жасап болып, маңдайынан искеді.

- Батырдың аты кім?

- Күнби...

- Ой, бәрекелді. Негізі Күнби дегеніміз, "Құнби" деген сөзден шығады. Өткен замандардағы елдің басы, ердің асылы болған адам ғой.

Аузын ашса арғы замандардан ақтарып дерек айтатын түрколог ғалымның (Бейсембай Кенжебайдың)шәкірті емес пе?! Өзі де ұстаздың жолын жалғастыра білген адам. Осы кітапхананы да өз еңбегімен ашып, түрік халықтарының жазба жәдігерлерін жинақтап, халыққа ұсынып отыр. Содан болар кітапхананы өз үйіндей көріп, есік жақта отырғаны. Көкем, сөзін қайта жалғады, «Бұл баланың бүгінгі шараға келуін жақсы ырымға балап отырмын.Кездейсоқтық деуге келмес. "Сара сөздің" өзі де тамырын тереңнен алып, сонау Сақ, Ғұн, Үйсін дәуірінен бастап суыртпақтап сыр тартып, ұлағатты ұғым қалыптастыру үшын қызымет етсе керек. Міндеті де сол болмақ. Күнбиіміздің тұсауын, "Сарасөздің" тұсауымен бірге кессек қалай болады?» дегені... Неге болмасқа? Құлбек Ергөбектей ардақты адам ұлыңның тұсауын кесем деп тұрса, қуанбасқа бола ма? Отырғандар да тегіс тілектестік білдіріп, қуана құптады. Журналдың тұсаукесер ресімі басталғанша, біз де жүгіріп, жүріп ала жіп дайындап үлгердік.

Шарабасталды.Әуелі,"Сарасөз"журналыныңқұрылтайшысы әрі бас редакторы, іскер журналист әпкеміз Гүлжаз Қарыбекқызына сөз берілді. Сөз басын журнал шығаруда қолдап, қуаттаған, ұлағатты ұстаздарына деген ыстық ықылас, таудай алғысымен бастады. Сосын, қонақтарға журналдың алдағы күндерде атқаратын қызыметі мен міндетін анықтап түсіндіріп берді. Сөз соңын, төл перзентіндей болған журналдың алғашқы басылымымен баршамызды құттықтап, қуанышымен бөлісе түйіндеді. Бұл кісі Түркістан қаласындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика факультетін үздік бітірген түлегі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев тағайындаған стипендия иегері, Құлбек көкеміздің төл шәкірті екен. Бұл күнде Астана қаласындағы беделді журналистердің бірі көрінеді. Журналға "Сарасөз" деп Құлбек Ергөбектің жазған кітабінің атын қоюының өзі, ұстазға деген ерекше ілтипат пен биік талғамның жемісі болса керек. Жас та болса, бас болып жеке журнал ашу деген үлкен ерлік, батыл қадам. Ұлт руханияты үшын қосар үлестің бастамасы.

Одан кейін дәстүрлі ән өнерінің майталманы, жез таңдай әнші, қазақтың Қажыбегі әнмен шашу шашып, ақ тілегін арнады. Қала әкімінің орынбасары Ғани Рысбеков те қолдан келер көмегін аямайтынын айтып, ағынан ақтарылды. Келген қонақтардың бәрі журнал авторына, керемет тілек білдіріп, алғыс жаудырып, іске сәттілік тілеп жатты. Әлгіндегі күлегеш студенттер жыр оқып, өлең өрді.

Көп күттірген тұсау кесер ресімі өтті. Атаның жолы, бабаның дәстүрімен аяғын ала жіппен шалып, ұлымның тұсауын Құлбек көкем кесті де, Қажыбек көкем жетелеп, төбемді көкке жеткізді. Мерейім өсіп, көңілім марқайды. Мынау, қиыннан қиысып, сәті келген тарихи кезеңде, ұлыма үлкендердің шапағаты тиіп, батасы дарыса екен деген әкелік тілек жүрегімде толқып жатты. Болашақта "Сарасөздің" салмағын көтеретін, саңлақ ұл, саналы азамат болса екен деп арман-дадым. Әке үшын осыдан артық бақыт бар ма, сіра?!


Артынан журналдың лентасы қиылып, жұртқа таратылды. Жаңа басылым, жаңа журнал. Жарқылдаған жүздер, жадыраған жанарлар. Ырза көңілден айтылған мырза тілектер. Келген қонақтардың қуанышында шек жоқ. Сөйтіп, мұқабасында әйгілі академик жазушы Серік Қирабаевтың фотосы басылған "Сарасөздің" тұсауы кесіліп, алғашқы нөмірі халыққа жол тартты.

Бағзыдан жеткен бай мұра, бабадан қалған аманатымыз көп. Қадіріне жете білген адам ғана осындай игілікті іс бастамақ. Рухани әлемімізге тыңнан түрен салып, санаға саңлау ашатын, ойға шұлен түсіретін "Сарасөз" болады деген үміттеміз. Еңбегіңіз жемісті, "перзентіңіз" ғұмырлы болсын Гүлжаз әпке!

Ербақ ҚҰРМЕТЖАН
Өнер факультетінің 3-курс студенті



Мұрат Шаханбаев. КЕСЕНЕ



Мұрат Шаханбаев. КИЕЛІ ТҮРКІСТАН